Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БОЛОН ПРОЦЕСІНІҢ ҰСТАНЫМДАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

## АНАЛИТИКАЛЫҚ ЕСЕБІ

Астана қаласы, 2018 жыл

**М 54**
**ISBN 978-601-7177-14-0**

**Қазақстан Республикасында Болон процесінің ұстанымдарын жүзеге асыру жөніндегі талдау есебі, 2018 жыл.** – Астана: ҚР БҒМ Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы, 2018. 65 б.

Қазақстан Республикасында Болон процесінің **ұстанымдарын** жүзеге асыру жөніндегі талдау есебі Қазақстанның Жоғары және Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруін дамытудың негізгі мәселелерін Болон процесінің параметрлерін жүзеге асыру контексінде көрсетеді.

Талдау есебін дайындаған кезде Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы жүргізген мониторингтік зерттеулер нәтижесінде алынған мәліметтер, сондай-ақ ресми дереккөздердің мәліметтері пайдаланылды.

Ұсынылып отырған материал академиялық қоғамдастық пен Жоғары және Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы сарапшыларға арналған.

Талдау есебі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының интеллектуалдық меншігі болып табылады. Түпкі деректемеге сілтеме жасамастан, мәтінді кез келген нысанда, соның ішінде ішінара көшіруге тыйым салынады.

© ҚР БҒМ Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы, 2018

# МАЗМҰНЫ


**БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР………………………………………………… 4**
**ГЛОССАРИЙ……………………………………………………………………... 5**
**1-ТАРАУ. КІРІСПЕ……………………………………………………………… 7**
**2-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОО-ДАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУІ. НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ…………………………………… 11**
2.1. Қазақстан ЖОО-ларындағы білім алушылар мен ОПҚ контингенті………… 11
2.2. Жоғары оқу орындары……………………………………………………... 18
2.3. Жоғары білім беруді қаржыландыру……………………………………… 20
2.4. Қазақстандық ЖОО-лардың рейтингтері………………………………… 22
2.5. Инклюзивті білім беру……………………………………………………... 26
**3-ТАРАУ. ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ……………. 33**
3.1. ЖОО- да оқып жатқан ересек адамдар саны…………………………………... 33
3.2. ЖОО-ға түскен студенттер саны……………………………………………….. 33
3.3. ЖОО-ға түскен, бірақ оқуын аяқтамаған студенттер саны …………………... 34
3.4. ЖОО-дан шығарылған студенттер саны……………………………………….. 35
3.5. ЖОО түлектерінің саны……………………………………………………… 36
3.6. Жұмысқа орналастыру деңгейі……………………………………………… 37
**4-ТАРАУ. ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ САПАСЫ МЕН ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ……………………………………………………………………… 39**
4.1. Сапаны сыртқы бақылауды қамтамасыз ету саласындағы ұлттық саясат…… 39
4.2. Қазақстанның жоғары оқу орындарын аккредиттеу………………………….. 40
4.3. Қазақстанда сапаны ішкі қамтамасыз ету процестері мен жүйесі…………… 45
**5-ТАРАУ. ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ИНТЕРНАЦИОЛАНДЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ………………... 47**
5.1. ЖОО-лардың халықаралық ынтымақтастығының заңнамалық базасы……… 47
5.2. ЖОО-лардың интернационалдандыру стратегиясын жүзеге асыруы………... 48
5.3. Үш тілде оқытудың білім беру саясаты……………………………………... 54
5.4. Академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру……………………….. 57
**ҚОРЫТЫНДЫ………………………………………………………………… 64**

# БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

| | |
|---|---|
| **ACBSP** | Бизнес-мектептер мен бағдарламаларды аккредиттеу жөніндегі кеңес |
| **ASIIN** | Инженерлік ғылымдар, информатика, жаратылыстану ғылымдары бойынша білім беру бағдарламаларын аккредиттеу агенттігі |
| **ARQA** | Аккредиттеу және білім беру сапасын сараптау жөніндегі тәуелсіз агенттік |
| **ECTS** | Еуропалық аудару және кредиттер жинау жүйесі |
| **EQAR** | Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі агенттіктердің еуропалық тізілімі |
| **ESG** | Сапаны қамтамасыз ету саласындағы еуропалық стандарттар мен ұсынымдар |
| **FIBAA** | Бизнес-әкімшілендіру саласындағы бағдарламаларды халықаралық аккредиттеу қоры |
| **KAZSEE** | Қазақстанның инженерлік білім беру қауымдастығы |
| **MusiQue** | Жоғары музыкалық білім саласында сапаны жақсарту және аккредиттеу қоры |
| **QS WUR** | Quacquarelli Symonds әлемдегі ең үздік университет рейтингі бойынша әлемдік агенттік |
| **АЖ** | Акционерленген ЖОО-лар |
| **БДҰ** | Білім берудің дербес ұйымы |
| **БП** | Болон процесі |
| **МЖ** | Мемлекеттік ЖОО-лар |
| **БҒДМБ** | Білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы |
| **ЗТМО** | Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық |
| **ҚДБ** | Қосдипломды білім беру бағдарламасы |
| **ҰБТ** | Ұлттық бірыңғай тестілеу |
| **ЖБЕК** | Жоғары білім берудің еуропалық кеңістігі |
| **ЕБШ** | Еуропалық біліктілік шеңбері |
| **ЕО** | Еуропалық одақ |
| **АЕО** | Білім беруді және денсаулық сақтауды сапамен қамтамасыз ету және аккредиттеудің еуразиялық орталығы |
| **ҚР ҰЭМ СК** | ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті |
| **КОТ** | Кредиттік оқыту технологиясы |
| **ХЖ** | Халықаралық ЖОО-лар |
| **ҚР БҒМ** | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі |
| **АРТА** | Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі |
| **ҰЖ** | Ұлттық ЖОО-лар |
| **БСҚҚТА** | Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі қазақстандық тәуелсіз агенттік |
| **ҰКП** | Ұлттық кәсіпкерлер палатасы |
| **ҰБШ** | Ұлттық біліктілік шеңбері |
| **БСБҰЖ** | Білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі |
| **ББ** | Білім беру бағдарламалары |
| **БСШ** | Біліктіліктердің салалық шеңбері |
| **ОПҚ** | Оқытушы-профессорлар құрамы |
| **ҚР** | Қазақстан Республикасы |
| **ЖБЕК-БШ** | Жоғары білім берудің еуропалық кеңістігінің Біліктілік шеңбері |
| **РФ** | Ресей Федерациясы |
| **ТМД** | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы |
| **БОБ** | Бірлескен оқу бағдарламасы |
| **АҚШ** | Америка Құрама Штаттары |
| **ОӘК** | Оқу-әдістемелік кешен |
| **БПжАҰО** | Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы |
| **ЖО** | Жекеменшік ЖОО-лар |
| **ШЫҰ** | Шанхай ынтымақтастық ұйымы |
| **ЮНЕСКО** | Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы |

# ГЛОССАРИЙ

| | |
|---|---|
| Академиялық ұтқырлық | - білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді оқыту немесе зерттеулер жүргізу үшін белгілі бір академиялық кезеңге (семестрге немесе оқу жылына) өзінің Жоғары және (немесе) Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында немесе оқуды жалғастыру үшін басқа жоғары және (немесе) Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында академиялық кредиттер түрінде меңгерген оқу бағдарламаларынан, пәндерден міндетті түрде қайта сынақ тапсыра отырып, басқа Жоғары және (немесе) Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына (ел ішінде немесе шетелге) ауыстыру. |
| Академия | - белгілі бір салада ғылыми-педагогикалық қызметті жүзеге асыратын және ғылыми-әдістемелік орталық болып табылатын Жоғары және (немесе) Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы. |
| Аккредиттеу органы | - өзі әзірлеген стандарттар (регламенттер) негізінде білім беру ұйымдарын институционалдық және (немесе) мамандандырылған аккредиттеуден өткізетін заңды тұлға. |
| Білім беру ұйымдарын аккредиттеу | - білім беру қызметтерінің сапасы туралы объективті ақпарат беру және оны арттырудың тиімді тетіктерінің бар екенін растау мақсатында аккредиттеу органының белгіленген аккредиттеу стандарттарына (талаптарына) сәйкестігін тану рәсімі. |
| Бакалавр | - Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін дәреже. |
| Бакалавриат | - тиісті мамандық бойынша «бакалавр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім, білім беру бағдарламалары. |
| Болон процесі | - жоғары білім берудің бірыңғай еуропалық жүйесін құру процесі. |
| Мемлекеттік білім беру тапсырысы | - мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта білім беру жөнінде экономиканың қажеттілігін қамтамасыз ету, білікті жұмыс күші мен қоғамның зияткерлік әлеуетін молықтыру үшін кадрларды даярлау, білікті жұмыскерлер мен мамандардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау жөнінде, сондай-ақ білім беру жүйесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жөнінде мемлекет қаржыландыратын қызметтерлер көлемі. |
| Бейіні бойынша доктор | - Қазақстан Республикасында немесе одан тысқары жерлерде кәсіптік қызметтің тиісті саласы бойынша докторантураның бағдарламасын меңгерген және диссертация қорғаған адамдарға берілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәреже. |
| Философия докторы (PhD) | - Қазақстан Республикасында немесе одан тысқары жерлерде ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантураның бағдарламасын меңгерген және диссертация қорғаған адамдарға берілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәреже. |
| Докторант | - докторантурада білім алатын адам. |
| Докторантура | - білім беру бағдарламалары философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін бере отырып, ғылыми, педагогтік және (немесе) кәсіптік қызмет үшін кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру. |
| Инклюзивті білім беру | - ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс. |
| Институт | - ғылыми-педагогикалық қызметті, сондай-ақ кәсіби қызмет үшін кадрлар даярлауды жүзеге асыратын Жоғары және (немесе) Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы. |
| Институционалдық аккредиттеу | - білім беру ұйымы сапасының мәлімделген мәртебесіне және аккредиттеу органының белгілеген стандарттарына сәйкестігін |

| | |
|---|---|
| | аккредиттеу органының бағалау процесі. |
| Интернационалдандыру | - Жоғары білім берудің зерттеу, білім беру және әкімшілік функцияларына халықаралық құрастырушыны енгізу процесі. |
| Ғылым кандидаты, ғылым докторы | - ізденушілердің диссертациялар қорғауы негізінде берілген ғылыми дәрежелер. |
| Кредиттік оқыту технологиясы | - академиялық кредиттерді жинақтай отырып, білім алушылардың пәндерді оқып зерделеу дәйектілігін таңдауы және дербес жоспарлауы негізіндегі оқыту. |
| Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар адамдар (балалар) | - арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламаларына және қосымша білім беру бағдарламаларына мұқтаж, денсаулығына байланысты білім алуға тұрақты немесе уақытша қиындықтарды басынан кешіретін адамдар. |
| Магистр | - магистратураның білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін дәреже. |
| Магистрант | - магистратурада білім алатын адам. |
| Магистратура | - білім беру бағдарламалары «магистр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру |
| Ұлттық біліктілік шеңбері | - еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы. |
| Ұлттық біліктілік жүйесі | - еңбек нарығындағы мамандардың біліктілігіне сұраныс пен ұсыныстарды құқықтық және институционалды реттеу тетіктерінің жиынтығы. |
| Білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі | - білім беру сапасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктеріне сәйкестігін белгілеудің институционалдық құрылымдары, рәсімдері, нысандары мен әдістерінің жиынтығы. |
| Білім туралы құжаттарды нострификациялау | – басқа мемлекеттерде, халықаралық немесе шетелдік оқу орындарында (олардың филиалдарында) білім алған адамдарға берілген құжаттардың баламалылығын айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім. |
| Білім беру | - имандылық, зияткерлік, мәдени, тәндік жағынан дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсаттарында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқытудың үзіліссіз процесі. |
| Білім беру бағдарламасы | - оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені. |
| Білім беру гранты | - «бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін Жоғары немесе Жоғары оқу орнынан кейінгі білімге ақы төлеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шарттармен білім алушыға берілетін ақшаның нысаналы сомасы. |
| Резидентура | - клиникалық мамандықтар бойынша Жоғары оқу орнынан кейінгі тереңдетілген медициналық білім алу нысаны. |
| Мамандандырылған аккредиттеу | - білім беру ұйымы іске асыратын жекелеген білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау. |
| Маман | - адамдарға жоғары білімнің білім беру бағдарламасын меңгергеннен кейін берілетін біліктілік. |
| Стипендия | - білім алушыларға олардың тамағына, күнелтуіне және оқу әдебиетін сатып алуына жұмсалатын шығындарды ішінара жабу үшін берілетін ақша сомасы. |
| Университет | - әртүрлі салалар бойынша ғылыми-педагогикалық қызметті, кадрлар даярлауды, іргелі және (немесе) қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын және жетекші ғылыми-әдістемелік орталық болып табылатын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы. |

## 1-ТАРАУ. КІРІСПЕ

Болон процесіне кіруіне байланысты әрбір қатысушы Ел - ұлттық, сол сияқты институционалдық деңгейде өзіне оның міндетті, ұсынбалы және факультативтік параметрлерін орындау жөнінде міндеттеме алады. Қазақстан сегіз жыл бойы жоғары білім берудің отандық жүйесіне Болон процесінің қағидаларын енгізуге белсенді қатысып келеді.

Жоғары білім берудің европалық кеңістігі елдері министрлерінің Конференциясында (Париж қаласы, мамыр, 2018) жасалған Жоғары білім берудің еуропалық кеңістігінің Болон процесін жүзеге асыру туралы баяндамасында соңғы үш жылда Қазақстанның айтарлықтай жақсартылған көрсеткіштерді көрсетіп отырғандығы айтылған. Болон процесінің параметрлерін енгізу нәтижелерінің динамикасы және проблемалық мәселелері «Болон бағдаршамы» әдісімен ұсынылған (1-кесте).

*Қазақстанның қабылдап алған міндеттемелерін орындауының жағымды аспектілері болып табылады:*

- Жоғары білім берудің «бакалавр-магистр- PhD докторы» үш деңгейлі жүйесін жүзеге асыру. Келесі циклдің бағдарламаларына қол жеткізуге мүмкіндік беріледі. Мысалы, мемлекеттік тапсырыстың есебінен жыл сайын 3-циклге қол жеткізу – PhD докторантурасына түсу қамтамасыз етіледі.

- ECTS үлгісі бойынша әзірленген Кредиттерді қайта есепке алудың қазақстандық моделі. Елдегі барлық ЖОО оқу жүктемесін аударған кезде ECTS пайдаланады, білім беру бағдарламалары және олардың компоненттері оқыту нәтижелері ескеріле отырып, сипатталады;

- Білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі. Қазақстандық ЖОО-лар сапаны сыртқы бағалаудан тұрақты өтіп тұрады. 1-тізілімге енгізілген аккредиттеу агенттіктері Сапаны қамтамасыз ету саласындағы еуропалық стандарттар мен ұсынымдар (ESG) негізінде жұмыс жасайды және Жоғары білім беру сапасын қамтамасыз етудің еуропалық тізілімінде (EQAR) тіркелген. 2018 жылы 1-тізілімге 8 аккредиттеу агенттігі: 5 қазақстандық (БСҚҚТА, АРТА, KAZSEE, ARQA, AEO) және Европаның 3 шетелдік агенттігі (ASIIN, FIBAA, MusiQuE) кірді. Білім беру сапасын сыртқы қамтамасыз ету процедурасына студенттер қауымы белсенді тартылған.

- Студенттердің академиялық ұтқырлығы бағдарламалары, оқытушылық қызметке Европа елдерінен, АҚШ-тан, Оңтүстік-Шығыс Азиядан, Ресейден және т.б. елдерден шетелдік мамандарды тарту. Бағдарламалар жүзеге асырылған 7 жылдың ішінде 10 000 астам қазақстандық білім алушы әлемнің шетелдік ЖОО-сынан, соның ішінде 5000 астам адам мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен шет елде білім алды. 2009 жылдан бастап мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен қазақстандық ЖОО-ларға 7 000 астам шетелдік ғалым тартылды.

- Жұмыс берушілерді Жоғары білім беруді жоспарлауға және басқаруға тарту. Қазақстан бұл қағида жоғары білім берудің барлық бағдарламалары үшін міндетті болып табылатын елдер қатарына жатады.

- ЖОО-ның академиялық, басқарушылық дербестігін ұлғайту. Барлық мемлекеттік ЖОО-да әкімдіктердің, бизнестің, БҒМ және қоғамның қатысуымен корпорациялық басқару органдары құрылды. 64 ЖОО-да қамқоршылық кеңестер, 28 ЖОО-да – Қадағалау кеңестері жұмыс жасайды.

Аз таныстырылған топтардың оқуға қолжетімділігіне қолдау көрсетуде, сондай-ақ аз таныстырылған топтан шыққан студенттердің ұтқырлық бағдарламаларына көмек көрсетуде белгілі бір жақсы жетістіктер байқалады.

*Болон процесінің параметрлерін енгізуді жылдамдатуды талап ететін мәселелерге келесілер жатады:*

-Түлектерге Diploma Supplement беру. Соңғы мәліметтерге сәйкес, Қазақстан Республикасының тек 29 ЖОО-нда ғана дипломға Европалық қосымша (DiplomaSupplement) беріледі.

-Ұлттық біліктілік шеңбері. ҰБШ-ның білім беру бағдарламаларына оқытудың салалық шеңберлерімен және нәтижелерімен нақты байланысының жоқтығы. Академиялық қоғамдастықтың ҰБШ-ны әзірлеу және жүзеге асыру процесіне жеткілікті деңгейде тартылмауы. Оқыту нәтижелерін ескере отырып, дескрипторлардың деңгейлерін сипаттау қажеттігі. ҰБШ дескрипторларында кәсіби қызметке төтенше назар аударылады, ал Жоғары білім берудің европалық кеңістігінің Біліктілік шеңбері білім беру компонентіне де көп көңіл бөледі.

- Шетелдік біліктіліктерді тану. Қазақстан жоғары білім берудің біліктіліктерін автоматты түрде тану жүзеге асырылмайтын 29 ЖБЕК елдің қатарына кіреді. Дегенмен, тану туралы Лиссабон конвенциясына сәйкес білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау рәсімі қолданылады.

**1-кесте. Болон процесінің параметрлерін жүзеге асырудағы Қазақстанның негізгі көрсеткіштері**

| № | Көрсеткіші | Түсі | Негіздеме |
|---|---|---|---|
| 1. | Бірінші және екінші цикл бағдарламаларын жүзеге асыру | | ЖОО-ның барлық студент-түлектері бакалавр немесе магистр дәрежесін алады. |
| 2. | Келесі циклдің бағдарламаларына қол жеткізу | | Жыл сайын мемлекеттік тапсырыстың есебінен 3-циклге (PhD докторантурасы) қол жеткізу қамтамасыз етіледі |
| 3. | Ұлттық кредиттік жүйенің ECTS-пен салыстырымдылығы | | Қазақстан:<br>• ECTS-пен салыстыруға болатын ұлттық кредиттік жүйесі бар;<br>• оқу жүктемесін аударған кезде барлық ЖОО-лар ECTS пайдаланатын;<br>• білім беру бағдарламалары мен олардың компоненттері оқыту нәтижелері ескеріле отырып сипатталатын;<br>• ЖОО-ларды сыртқы бағалаған кезде Министрлердің Ереван конференциясында бекітілген ECTS пайдаланушылардың Нұсқаулығы қолданылады. |
| 4. | Diploma Supplement беру | | Қазақстан Diploma Supplement түлектерге:<br>• тегін;<br>• ағылшын тілінде;<br>• сұрау бойынша (автоматты түрде емес) берілетін елдердің санатына жатады. |
| 5. | Ұлттық біліктілік шеңберін (ҰБШ) енгізу | | ҰБШ-ны іске қосу барысында келесі кезеңдер аяқталды:<br>7. ҰБШ-ны енгізу ЖОО-лардың, аккредиттеу агенттіктері мен басқа органдардың рөлдері мен міндеттемелерін анықтаудан басталды.<br>8. Оқу бағдарламалары ҰБШ-ға енгізілген оқыту нәтижелері негізінде қайта жобаланды.<br>9. Барлық біліктілктер ҰБШ-ға енгізілді.<br>Өзін-өзі сертификаттау процедурасынан өту талап етіледі. |
| | Қамтамасыз ету жүйесінің сыртқы сапасын дамыту | | Қазақстан Білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі жұмыс жасайтын елдер санатына жатады;<br>барлық ЖОО-лар сапаны тұрақты сыртқы бағалаудан өтеді;<br>аккредиттеу агенттіктері Сапаны қамтамасыз ету саласындағы еуропалық стандарттар мен ұсынымдар (ESG) негізінде жұмыс жасайды және EQAR-де тіркелген. |
| | EQAR-де тіркелген агенттіктердің сапасын трансшекаралық қамтамасыз ету | | EQAR-де 46 әлемдік аккредиттеу агенттігі тіркелген. 2015 жылмен салыстырғанда 14 агенттік қосылған, олардың ішіндегі соңғылары Армения мен Қазақстанда жұмыс жасайды.<br>Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі екі ұлттық агенттік (АРТА және БСҚҚТА) EQAR-де тіркелген және ENQA-ның мүшесі болып табылады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **7.** | Студенттерді сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесіне қатыстыру | | ҚР студенттері сапаны сыртқы қамтамасыз етудің 5 ықтимал деңгейінің арасынан 4-уіне қатысады, соның ішінде:<br>• сыртқы бақылау топтарында;<br>• өзін-өзі бағалау туралы есептерді дайындаған кезде;<br>• сыртқы шолу жасау үшін шешімдер қабылдау процесіне;<br>• кейінгі процедураларға. |
| **8.** | Сапаны қамтамасыз ету процесіне халықаралық қатысу деңгейі | | ҚР-дағы халықаралық сарапшылар сапаны сыртқы бақылаудың 4 ықтимал деңгейінің арасынан 2-уіне қатысады, соның ішінде:<br>• агенттік ENQA-ның мүшесі немесе үлестес тұлғасы болып табылады; персоналдың кіріс және шығыс ұтқырлығы ұлттық стратегияның бөлігі болып табылатын елдің санатына жатады<br>• халықаралық сарапшылар/сарапшылар мүшелер/қадағалаушылар ретінде бағалау топтарына қатысады. |
| **9.** | Біліктіліктерді автоматты түрде тану | | Шетелдік біліктіліктерді әділ тану Болон процесінің міндеті және ЖБЕК-тің іргелі құндылықтарының бір бөлігі болып табылады. Қазақстан жоғары білім берудің біліктіліктерін автоматты түрде тану жүзеге асырылмайтын 29 ЖБЕК елдің қатарына кіреді. |
| **10.** | Бейресми немесе информалды жолмен алынған алдыңғы оқытуды тану | | Қазақстанда бейресми немесе информалды жолмен алынған жүктемені оқытудың дәстүрлі бағдарламалары аясында тануға арналған процедура әзірленбеген. Ұлттық және/немесе институционалды деңгейде жеке құжат жоқ. |
| **11.** | Кредиттік ұтқырлықтың тасымалданушылығы | | Кредиттік ұтқырлықтың тасымалданушылығы, бірақ бағдарламалардың географиясымен (елдер бойынша шектеулермен) және/немесе үлгілерімен және/немесе оқыту саласымен немесе уақытымен байланысты кейбір шектеулермен. Дәрежелердің тасымалданушылығының жоқтығы немесе барлық негізгі шаралар дәрежелердің тасымалданушылығына қолдау<br>ккрсету үшін қолданылмайды. |
| **12.** | Аз таныстырылған топтардың оқуға қолжетімділігіне қолдау көрсету | | Аз таныстырылған топтардың ҚР жоғары білім беруге қолжетімділігіне қолдау көрсету және оған қатысуын арттыру үшін 4 ықтимал шараның арасынан 2-уі қолданылады:<br>• жеткілікті деңгейде таныстырылмаған топтағы студенттердің қол жеткізуіне/қатысуына арналған саяси мақсаттар бар;<br>• білім алушылардың аз таныстырылған тобына бағытталған қаржылық қолдау бар. |
| **13.** | Аз таныстырылған топтан шыққан студенттердің ұтқырлық бағдарламаларына көмек көрсету | | Келесі шаралар аз таныстырылған топтан шыққан студенттердің ұтқырлық бағдарламасына қатысуын арттыру мақсатында қабылданды:<br>- аз таныстырылған топтағы студенттердің ұтқырлық бағдарламасына қатысуы үшін кешенді мониторинг жүргізіледі;<br>- аз таныстырылған топ студенттерінің ұтқырлыққа қатысуы бойынша сандық саясат міндеттері қойылған;<br>- келесі нысанда қаржылық қолдау көрсетіледі:<br>• Ұтқырлық бойынша нысаналы гранттар НЕМЕСЕ<br>• Тасымалданатын нысаналы гранттар НЕМЕСЕ<br>• 50%-дан астам студенттерге ұсынылған жалпы тасымалданатын гранттар<br>- аз таныстырылған топтардың ұтқырлық бағдарламаларына қатысуына көмектесетін атаулы шараларды енгізу мақсатында ЖОО-лар үшін жоғары деңгейдегі ұсынымдар әзірленді<br>Қазақстанда төрт іс-шараның екеуі қабылданды. |
| **14.** | Студенттердің академиялық ұтқырлығы | | Қазақстан кіріс және шығыс ұтқырлық ұлттық стратегияның бөлігі болып табылатын елдің санатына жатады.<br>Аз таныстырылған санаттың студенттеріне 4 ықтимал қолдау көрсету шарасының арасынан 2-уі ұсынылады:<br>• ЖОО деңгейінде аз таныстырылған топ студенттерінің ұтқырлық бағдарламаларына қатысуына мониторинг жүргізіледі;<br>• ұлттық деңгейде аз таныстырылған санат студенттерінің ұтқырлығына қолдау көрсету туралы ЖОО-ларға ұсынымдар бар.<br>Орталық стратегияның бөлігі болып табылатын студенттер арасында академиялық ұтқырлықты дамыту мақсаты бар. |
| **15.** | Персоналдың | | Қазақстан персоналдың кіріс және шығыс ұтқырлығы ұлттық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | академиялық ұтқырлығы | | стратегияның бөлігі болып табылатын елдің санатына жатады. |
| **16.** | Интернационалдандыру Және ұтқырлық | | Қазақстанның жоғары білім беруді интернационалдандыруға арналған ұлттық стратегиясы бар. Бұл стратегияны қабылдаған ЖОО-лар пайызы Қазақстанда 100%-ға тең. |
| **17.** | Оқыту нәтижелерінің нарықтың қажеттіліктеріне сәйкес келуі | | Жұмыс берушілерді жоғары білім беруді жоспарлауға және басқаруға тарту. Қазақстан бұл қағида жоғары білім берудің барлық бағдарламалары үшін міндетті болып табылатын елдер қатарына жатады. |

*«Болон бағдаршамы» әдісі (жасыл түсті индикатор көрсеткішке қол жеткізілгендікті, ашық жасыл, сары, қызғылт сары – параметрлерді енгізудің аралық деңгейлері, қызыл – көрсеткішке қол жеткізілген жоқ, оны енгізумен байланысты проблемалар бар, сұр – Қазақстан ЖБЕК-тің 2018 жылғы баяндамасында айтылған осы көрсеткіш бойынша көрсетілмеген дегенді білдіреді.*

Сонымен, Қазақстан Республикасында Болон процесі ұстанымдарының жүзеге асыру жөніндегі талдау есебі ғылыми және педагогикалық қауымдастыққа Жоғары және Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ары қарай дамытудың негіздері және келешегі туралы хабарлау мақсатында дайындалды. Бұл жұмыстың мазмұнды тараулары Европалық жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім берудің ұлттық басымдықтары мен келісілген реформаларын ескере отырып, Болон процесінің едәуір өзекті көрсеткіштерін айқындайды.

*«Қазақстанның жоғары және ЖОО-дан кейінгі білімі. Негізгі көрсеткіштері»* тарауында оқытудың үш деңгейлі моделі (бакалавриат-магистратура-PhD докторантура) контексінде негізгі көрсеткіштердің динамикасына шолу жасалған.

*«Білім алуға қолжетімділікті ұлғайту»* тарауы студенттердің барлық санаттарының жоғары білім алуға қолжетімділігін арттыру, оқуда және білім алуды ойдағыдай анықтауда қолдау көрсету қажет студенттердің аз таныстырылған санаттарын анықтау, сондай-ақ мүдделі тараптардың жас түлектерді жұмысқа орналастыру жөніндегі жұмысы сияқты маңызды мәселелерге арналған

*«Жоғары білім берудің сапасы мен тиімділігін арттыру»* тарауы жоғары білім беруде сапаны қамтамасыз ету жүйесінің ілгерілеуін, әсіресе, білім беру сапасының интернационалдандыру процестерімен өзара байланысын, барлық мүдделі тараптардың сапаны арттырудағы рөлін, ЖОО-ның сапаны ішкі қамтамасыз етуді жүзеге асыруын талдауды, осы саладағы ұлттық саясатты, институционалды және мамандандырылған аккредиттеуді көрсетеді.

*«Жоғары білім беру және интернациоландыру саласындағы халықаралық ынтымақтастық»* тарауында академиялық ұтқырлық көрсеткіштерінің динамикасы және ҚР ЖОО-ларының халықаралық қызметінің басқада механизмдері, соның ішінде бірлескен бағдарламалар, халықаралық жобалар (Эразмус+), ЖОО-ларды интернационалдандыру стратегиялары берілген.

Тараулардың әрқайсысы жүргізілген зерттеулерді талдау негізінде өңделген ұсыныстарды қамтиды.

Қазақстан Республикасында Болон процесін жүзеге асыру жөніндегі мәліметтерді талдау ЖОО, ҚР БҒМ, ҚР статистика агенттіктерінің мәліметтері негізінде жүргізіледі.

Қазақстан Республикасында Болон процесінің қағидаларын жүзеге асыру жөніндегі талдамалық есеп академиялық жұртшылықты, жоғары білім беру саласындағы ұлттық және халықаралық сарапшыларды, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының басшыларын, оқытушы-профессорлар құрамын және ЖОО персоналын, ЖОО студенттерін, ата-аналар қауымдастығын, бұқаралық ақпарат құралдарын, халықтың әр түрлі әлеуметтік топтарын Қазақстанның жоғарғы мектебінің Болон процесінің параметрлерін жүзеге асыру нәтижелері және жағдайы туралы кеңінен хабардар етуге арналған.

# 2- ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОО-ДАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУІ. НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Қазақстан Республикасының Жоғары және Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру құрылымы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңымен реттелді (2007 жылғы 27 шілде). Заңнамаға енгізілген соңғы өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес келесі ұғымдар берілді:

- Бакалавриат – тиісті мамандық бойынша «бакалавр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім, білім беру бағдарламалары,

- Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметтің негізгі бейіні мен кадрлар даярлаудың бағыттары бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының, ғылыми ұйымдардың магистратурасында, резидентурасында және докторантурасында, сондай-ақ «Болашақ» халықаралық стипендиясының стипендиаттарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жыл сайын бекітілетін мамандықтар тізбесіне сәйкес күндізгі оқыту нысаны бойынша жетекші шет елдердің жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына оқуға жіберу арқылы жүзеге асырылады.

-Кадрларды магистратурада даярлау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары базасында: кемінде екі жылдық оқыту мерзімімен ғылыми-педагогтік және кемінде бір жылдық оқыту мерзімімен бейіндік болып екі бағытта жүзеге асырылады.

-Кадрларды докторантурада даярлау магистратураның білім беру бағдарламалары базасында:кемінде үш жылдық оқыту мерзімімен ғылыми-педагогтік және кемінде үш жылдық оқыту мерзімімен бейіндік болып екі бағытта жүзеге асырылады.

## 2.1. Қазақстан ЖОО-ларындағы білім алушылар мен ОПҚ контингенті

Қазақстан халқының білім деңгейі салыстырмалы түрде жоғары және ЭЫДҰ-ға мүше елдердің орташа деңгейіне жақын. 25 жастағы және ол жастан асқан ересектер арасында шамамен 40%-ға жуығында алынған білімнің ең жоғары деңгейі ретінде орта білімі, 30%-ында – колледжді аяқтағаны туралы диплом және 25%-ында – жоғары білім бар[1].

ҰЭМ СК деректері бойынша, 2017-2018 оқу жылында Қазақстан ЖОО-ларының контингенті 534 421 білім алушыны құрады, солардың ішінде бакалавриат бағдарламасы бойынша – 496 209, магистратура бойынша – 34 609 (*ғылыми-педагогикалық бағыт – 19 431 адам, бейіндік - 15 178 адам),* PhD докторантурасы – 3 603 адам (1-кесте).

**1-кесте. Қазақстан: ЖОО-лар контингенті, адам**

| Білім беру деңгейі | Оқу жылы | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2014 - 2015** | **2015 - 2016** | **2016 - 2017** | **2017-2018 *** ***122 ЖОО бойынша*** | **2018-2019*** ***ЖБББЖТП-ның 115 азаматтық ЖОО бойынша деректері*** |
| Бакалавриат | 477 387 | 459 369 | 477 074 | 496 209 | 479 914 |
| Магистратура | 32 527 | 29 882 | 32 893 | 34 609 | 36 720 |
| Докторантура | 2 063 | 2 288 | 2 710 | 3 603 | 4 937 |

[1] Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің жағдайы және оны дамыту туралы баяндама (тәуелсіздік жылдарындағы), АТО, 2017 жыл.

| Барлығы | 511 977 | 491 539 | 512 677 | 534 421 | 521 571 |
|---|---|---|---|---|---|

*Өңірлік салыстыру бойынша* ең көп білім алушылар Алматы қаласына, Оңтүстік Қазақстан облысына және Нұрсұлтан (Астана) қаласына, ең төмен көрсеткіш Маңғыстау және Солтүстік Қазақстан облыстарына тиесілі (2-кесте).

Білім алушылар контингентінің жоғары көрсеткіштері жастар санының басым болуымен және осы өңірлердегі Жоғары оқу орындарының санымен түсіндіріледі. 2016-2017 оқу жылымен салыстырғанда, білім алушылар санының шамалы төмендеуі Алматы (-90 адам) және Қызылорда облыстарында (-97 адам) тіркелді.

### 2-кесте. Өңірлер бойынша білім алушылар контингентінің динамикасы, адам

| Өңір | ЖОО-лар саны | Оқу жылы | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 2015–2016 | 2016–2017 | 2017–2018 |
| **Барлығы** | **130** | **459 369 адам** | **477 074 адам** | **496 209 адам** |
| Ақмола облысы | 4 | 9 267 | 8 455 | 9 441 |
| Ақтөбе облысы | 6 | 20 336 | 21 004 | 21 829 |
| Алматы облысы | 3 | 9 051 | 9 422 | 9 342 |
| Атырау облысы | 3 | 10 014 | 11 012 | 12 046 |
| Шығыс Қазақстан облысы | 7 | 26 842 | 27 969 | 29 334 |
| Жамбыл облысы | 3 | 18 950 | 19 662 | 20 874 |
| Батыс Қазақстан облысы | 4 | 26 963 | 29 919 | 31 392 |
| Қарағанды облысы | 9 | 36 976 | 41 738 | 42 629 |
| Қостанай облысы | 7 | 19 014 | 20 057 | 20 534 |
| Қызылорда облысы | 3 | 10 055 | 10 070 | 9 973 |
| Маңғыстау облысы | 2 | 3 976 | 5 081 | 5 167 |
| Павлодар облысы | 4 | 12 703 | 13 566 | 14 537 |
| Солтүстік Қазақстан облысы | 2 | 4 560 | 5 235 | 6 027 |
| Оңтүстік Қазақстан облысы | 12 | 70 827 | 71 323 | 79 423 |
| Астана қаласы | 17 | 51 235 | 51 800 | 52 369 |
| Алматы қаласы | 44 | 128 707 | 130 761 | 131 292 |

*ЖОО контингентінің жас құрылымы* бойынша жоғары сандық көрсеткіші 18-21 жас аралығындағы студенттер. 25-29 жас санатындағы (+5 531 адам) білім алушылар санының айтарлықтай өсуі байқалады. ҰЭМ СК деректері бойынша, 60 жастағы және одан үлкен жастағы білім алушылар көрсеткішінің өскені тіркелді (3- кесте).

### 3-кесте. Қазақстан: ЖОО-да білім алушылардың жас құрылымы /адам

| Оқу жылы | 2015-2016 | 2016-2017 | 2017-2018 |
|---|---|---|---|
| **Барлығы** | **459 369** | **477 074** | **496 209** |
| **17 жасқа дейін** | 1 646 | 2 332 | 2 097 |
| **17 жас** | 32 962 | 35 491 | 37 233 |
| **18-21 жас** | 293 331 | 296 111 | 299 934 |
| **22 жас** | 39 734 | 39 705 | 41 432 |
| **23 жас** | 25 407 | 28 645 | 29 082 |
| **24 жас** | 18 734 | 20 611 | 21 022 |
| **25-29 лет** | 23 135 | 25 515 | 31 046 |
| **30-34 жас** | 12 127 | 14 708 | 16 482 |
| **35-39 жас** | 7 166 | 8 026 | 10 229 |
| **40-49 жас** | 4 216 | 4 953 | 6 466 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **50-59 жас** | 895 | 935 | 1 151 |
| **60 жас және одан үлкен** | 16 | 24 | 35 |

Елдегі ЖОО-да білім алушылардың гендерлік құрамының құрылымында әйелдер басым - 292 364, ерлер - 242 057 адам (1-сурет).[2]

**1- сурет. Қазақстан: ЖОО-ларда білім алушылардың гендерлік тепе-теңдігі,%**




Сонымен қатар 18-21 жас аралығындағы әйел жынысты білім алушылар санының ең жоғарғы көрсеткіші білім алушы әйелдердің жалпы санынан 57%-ды құрайды (2-сурет).

**2- сурет. Білім алып жатқан әйелдердің жас санаты, 2017 жыл, адам**




4- ЕСУВО мәліметтері бойынша 2018-2019 оқу жылының басында күндізгі оқу студенттерінің үлесі 82% құрады (кесте.4).

**5-кесте. ЖОО бакалавриат бойынша студенттер контингенті, адам**

| | Оқу жылы | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2014-2015** | **2015-2016** | **2016-2017** | **2017-2018** | **2018-2019*** ***ЖББЖТП-ның 115 азаматтық ЖОО бойынша деректері*** |
| **Студенттердің жалпы** | **474 841** | **459 369** | **477 074** | **496 209** | **479 914** |

[2] Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК деректері, 2017 ж.

| саны | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| күндізгі оқыту нысаны | 357 990 | 358 233 | 370 840 | 378 147 | 393 533 |
| кешкі оқыту нысаны | 20 895 | 30 214 | 34 500 | 33 617 | - |
| сырттай оқыту нысаны | 95 956 | 70 922 | 71 734 | 84 445 | 86 381 |

Бакалаврларды дайындауға 2018-2019 оқу жылында 53 594 білім беру гранты бөлінді. «Техникалық ғылымдар және технологиялар» мамандығының топтары үшін ең көп – 19 111 білім алу гранты көзделген (квоталарды есептемегенде). Гранттың айтарлықтай мөлшері болашақ педагогтарды оқытуға бөлінеді (7635). Сонымен қатар «Шет тілі: екі шет тілі (ағылшын тілі)» (620) мамандығы үшін ең көп грант бөлінді.

2017-2018 оқу жылымен салыстырғанда бакалавриатқа бөлінген гранттар саны 15 662 орынға, магистратураға – 2 500 орынға, PhD-докторантураға – 955 грантқа көбейді (5-кесте).

### 6-кесте. Жоғары және Жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік тапсырыс

| Білім беру деңгейі | Оқу жылы | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2014-2015** | **2015-2016** | **2016-2017** | **2017-2018** | **2018-2019** |
| Бакалавриат | 34 115 | 32 168 | 31 700 | 37 932 | 53 594 |
| Магистратура | 6 737 | 6 682 | 7 400 | 10 004 | 12 504 |
| Докторантура | 656 | 585 | 628 | 1 285 | 2 240 |
| **Барлығы** | **41 508** | **39 435** | **39 728** | **49 221** | **68 338** |

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру контингенті арақатынасының салыстырмалы көрсеткіштері 2018-2019 оқу жылында ақылы негізде оқитын студенттер санының басым болғандығын көрсетіп отыр. Сонымен қатар, ақылы негізде оқитындардың саны өткен оқу жылымен салыстырғанда 17 113 адамға азайды (3-сурет).

### 3-сурет. Қазақстан: ЖОО-дағы білім алушылардың оқыту үшін төлем түрі бойынша арақатынасы, адам




2017-2018 оқу жылында ұлттық және мемлекеттік жоғары оқу орындарында білім алушылар саны 227 707 адамды (46%), Акционерлік және жеке жоғары оқу орындарында-268 502 адамды (54%) құрады. Білім алушылардың ең көп саны жекеменшік нысанындағы жоғары оқу орындарына тиесілі (4- сурет).

**4-сурет. Қазақстан: ЖОО-ның меншік нысаны бойынша білім алушылардың арақатынасы**




2017-2018 оқу жылында еліміздің жоғары оқу орындарында білім берудің барлық түрлеріне қабылданған *басқа қалалық* студенттер саны 202 901 адамды құрады. Жатақханада тұруға мұқтаж студенттердің жалпы саны 85467 адамды құрады, оның ішінде 68113 адам жатақханада тұруға орындар алды. 17 354 адам бос орындардың болмауына байланысты студенттер жатақханаларында тұру құқығын пайдалана алмады, бұл 20%-ды құрайды. ОҚО-ға басқа қаладан келген студенттердің жоғарғы көрсеткішінде 181 адам жатақханада тұратын орындармен қамтамасыз етілмеген (6-кесте).

**6-кесте. Қазақстан: басқа қаланың студенттері, адам**

| Өңірлер | Басқа қала студенттерінің жалпы саны | Жатақханаға мұқтаж студенттердің жалпы саны | Олардың ішінде жатақханада тұратындар |
|---|---|---|---|
| **Барлығы** | **202 901** | **85 467** | **68 113** |
| Ақмола | 2 959 | 1 043 | 754 |
| Ақтөбе | 10 935 | 3 928 | 3 123 |
| Алматы | 3 084 | 1 324 | 1 324 |
| Атырау | 3 726 | 1 725 | 1 575 |
| БҚО | 14 973 | 3 571 | 3 156 |
| Жамбыл | 5 295 | 1 454 | 1 091 |
| Қарағанды | 15 425 | 8 317 | 7 413 |
| Қостанай | 9 287 | 5 441 | 3 091 |
| Қызылорда | 1 491 | 636 | 636 |
| Маңғыстау | 1 703 | 940 | 539 |
| ОҚО | 17 139 | 3 616 | 3435 |
| Павлодар | 3 563 | 1 709 | 1 538 |
| СҚО | 3 706 | 2 281 | 1 981 |
| ШҚО | 13 325 | 5 669 | 4 322 |
| Астана қаласы | 25 883 | 15 263 | 10 289 |
| Алматы қаласы | 70 407 | 28 550 | 23 846 |

*ЖОО-да білім алушылар контингентінің этникалық құрамы* тұрғысынан статистикалық мәліметтер 7-кестеде берілген.

**7-кесте.Қазақстан: ЖОО-да білім алушылардың этникалық құрамы, адам**

| | Контингент | % |
|---|---|---|
| **Барлығы** | **496 209** | **100%** |
| Қазақтар | 429 353 | 86,5 |
| Орыстар | 30 351 | 6,1 |
| Өзбектер | 10 187 | 2 |
| Ұйғырлар | 3 547 | 0,7 |
| Үндістан мен Пәкістан халқы | 3 318 | 0,7 |
| Кәрістер | 2 641 | 0,5 |
| Украиндар | 2 598 | 0,5 |

| | | |
|---|---|---|
| Татарлар | 2 552 | 0,5 |
| Немістер | 1 697 | 0,3 |
| Әзербайжандар | 1 532 | 0,3 |
| Қырғыздар | 1 054 | 0,2 |
| Түркмендер | 1 001 | 0,2 |
| Басқа этностар (шамамен 80 этнос) | 6378 | 1,5 |

***Дереккөзі: ҚР ҰЭМ СК***

### *Оқытушы-профессорлар құрамы*

Бес жылдың динамикасында ЖОО-лар ОПҚ-сы көрсеткішінің өскені тіркелді. ЕСУВО деректері бойынша, 2018-2019 оқу жылында 50 735 адам оқытушылық қызметті жүзеге асырады, оның ішінде штаттағылар саны – 40 594 адам (5-сурет).

**5-сурет. Қазақстан: ЖОО-лардың оқытушы-профессорлар құрамы, адам**




Сапалы құрам құрылымында ғылым кандидаттарының саны басым, ол 115 азаматтық ЖОО ОПҚ-сының штаттағы жалпы санынан 31%-ды құрайды. Магистрлердің 27%-ы оқытушылық қызметті атқарады (6-сурет).

**6-сурет. ЖОО-лар ОПҚ-сының сапалы құрамы/ 2018-2019 оқу жылы, адам**




ЕСУВО деректері бойынша, 2018-2019 оқу жылында ЖОО ОПҚ-сының дәрежелік көрсеткіші 44,7%-ды құрады (115 азаматтық ЖОО бойынша).

ОПҚ-ның 3 жыл ішіндегі сапалы құрамы 8-кестеде берілген.

**8-кесте. Қазақстан: ЖОО ОПҚ-сының дәрежелік көрсеткіші, адам/%**

| | **2015-2016 оқу жылы** | | **2016-2017 оқу жылы** | | **2017-2018 оқу жылы** | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Саны, адам | үлесі, % | Саны, адам | үлесі, % | Саны, адам | үлесі, % |
| **Барлығы ОПҚ** | **38 087** | **100** | **38 241** | **100** | **38 212** | **100** |
| **Олардың ішінде:** | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| *ғылым докторлары* | 3 568 | *9,4* | 3 499 | *9,2* | 3 251 | *8,5* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| *ғылым кандидаттары* | 14 239 | *37,4* | 14 023 | *36,7* | 13 276 | *34,7* |
| *Философия докторлары (PhD)* | 1 133 | *3* | 1 562 | *4* | 1 854 | *5* |
| *Бейіні бойынша докторлар* | 139 | *0,4* | 175 | *0,5* | 208 | *0,5* |
| *Магистрлер* | 10 082 | *26,5* | 11 135 | *29,1* | 12 098 | *31,7* |
| *Дәрежеліктің жалпы көрсеткіші (п.1-4)* | **19 079** | ***50,1*** | **19 259** | ***50,4*** | **18 589** | ***48,7*** |
| *Басқа да* | **8 926** | ***23,4*** | **7 847** | ***20,5*** | **7 847** | ***19,6*** |

ҰЭМ СК деректері бойынша, төрт жыл динамикасында ЖОО профессорлары (-201 адам) мен доценттері (-731 адам) көрсеткішінің төмендегені байқалады (7- сурет).

## 7-сурет. ЖОО-лар ОПҚ-сы/ғылыми атақтар, адам




ЖОО-лардың меншік нысаны бойынша ОПҚ-ның сапалы құрамы 9-кестеде көрсетілген. ЖОО-лар бойынша ғылым кандидаттары мен магистр-педагогтардың ең көбі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де (1 057/643 адам), Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-де (880/469 адам), Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-де (578/535 адам) жұмыс жасайды.

## 9-кесте. Қазақстан: Меншік нысаны бойынша ЖОО-лардың ОПҚ-сы, адам

| | | **2015-2016 оқу жылы** | **2016-2017 оқу жылы** | **2017-2018 оқу жылы** |
|---|---|---|---|---|
| **Барлығы: адам** | | **38 087** | **38 241** | **38 212** |
| ***Мемлекеттік ЖОО-лар:*** | | | | |
| **Барлығы: адам** | | **16 113** | **21 192** | **21 468** |
| ***соның ішінде, магистр академиялық дәрежесімен*** | | 5 724 | 6 109 | 6 761 |
| | Ғылым докторы | 1 951 | 1 855 | 1 721 |
| | Ғылым кандидаты | 7 750 | 7 469 | 7 207 |
| | Философия докторы (PhD) | 619 | 911 | 1 119 |
| | Бейіні бойынша доктор | 69 | 83 | 128 |
| | *Профессор* | *1212* | *1 275* | *1 246* |
| | *Доцент* | *3634* | *3 416* | *3 287* |
| ***Жекеменшік ЖОО-лар:*** | | | | |
| **Барлығы: адам** | | **13 048** | **16 830** | **16 744** |
| ***соның ішінде, магистр академиялық дәрежесімен*** | | 4 358 | 4 997 | 5 316 |
| | Ғылым докторы | 1 617 | 1 623 | 1 512 |
| | Ғылым кандидаты | 6 489 | 6 451 | 5 975 |
| | Философия докторы (PhD) | 514 | 649 | 731 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Бейіні бойынша доктор | 70 | 92 | 80 |
| | *Профессор* | *1 085* | *1 134* | *1 094* |
| | *Доцент* | *2 841* | *2 831* | *2 660* |
| ***Басқа мемлекеттердің меншігіндегі ЖОО-лар:*** | | | | |
| **Барлығы: адам** | | **151** | **219** | **189** |
| ***соның ішінде, магистр академиялық дәрежесімен*** | | 26 | 29 | 21 |
| | Ғылым докторы | 23 | 21 | 18 |
| | Ғылым кандидаты | 101 | 103 | 94 |
| | Философия докторы (PhD) | 1 | 0 | 4 |
| | Бейіні бойынша доктор | 0 | 0 | 0 |
| | *Профессор* | *17* | *16* | *9* |
| | *Доцент* | *53* | *50* | *36* |

## 2.2. Жоғары оқу орындары

ЖОО-лар саны 2018 жылы бұрынғысынша қалды. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында 130 қазақстандық ЖОО білім беру және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. ЖОО-лардың негізгі түрлері бойынша ең көп көрсеткіш университеттерге тиесілі (8-сурет).

Айырмашылық лицензиялаудың институционалдық процедуралары шеңберінде анықталады және білім беру бағдарламаларының саны, ЖОО-ның ғылыми-зерттеу бейіні, сертификаттау және аккредиттеу сияқты факторларға негізделеді.

**8-сурет. Қазақстан: негізгі түрлері бойынша ЖОО-лар, бірлік**




Жоғары және Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде білім беру қызметін «Назарбаев Университеті» ДБҰ және елдегі 10 ұлттық *(7 университет, 2 академия, 1 консерватория),* 32 мемлекеттік *(27 университет, 2 академия, 3 институт),* 18 акционерленген *(13 университет, 4 академия, 1 корпорация),* 54 жекеменшік *(40 университет, 9 академия, 5 институт),* 1 халықаралық *(1 университет)* және 14 азаматтық емес ЖОО (*1 университет, 7 академия, 6 институт)* жүргізеді (9-сурет).

### 9-сурет. Қазақстан: ЖОО-лардың мәртебесі мен меншік нысаны, бірлік




2018-2019 оқу жылында жекеменшік ЖОО-ның (58%) мемлекеттік ЖОО-ларға (42%) қатысты үлесінің меншікті салмағының үлкен мәні сақталады. Елдегі ЖОО-лардың меншік нысаны (үлесі) бойынша 3 жыл ішіндегі арақатынасы 10-суретте көрсетілген.

### 10-сурет. Қазақстан: меншік нысаны бойынша ЖОО-лар, бірлік




ҰЭМ СК деректері бойынша, 2017-2018 оқу жылында азаматтық ЖОО-лар саны 116 бірлікті құрады. *Өңірлер бойынша* ЖОО-лардың ең көп саны Алматы, Астана қалаларында және Оңтүстік Қазақстан облысында жұмыс жасайды (10-кесте).

### 10-кесте. Өңірлер бойынша азаматтық ЖОО-лар, бірлік

| Өңір | ЖОО-лар саны | ЖОО-лардың жайғастырылуы |
|---|---|---|
| Ақмола облысы | 3 | 2 университет, 1 академия |
| Ақтөбе облысы | 4 | 4 университет |
| Алматы облысы | 3 | 2 университет, 1 академия |
| Атырау облысы | 3 | 2 университет, 1 институт |
| ШҚО | 7 | 7 университет |
| Жамбыл облысы | 3 | 3 университет |
| БҚО | 4 | 4 университет |
| Қарағанды облысы | 8 | 6 университет, 2 академия |
| Қостанай облысы | 6 | 3 университет, 3 институт |
| Қызылорда облысы | 3 | 2 университет, 1 институт |
| Маңғыстау облысы | 2 | 2 университет |
| Павлодар облысы | 4 | 3 университет, 1 институт |
| СҚО | 1 | 1 университет |
| ОҚО | 12 | 10 университет, 1 академия, 1 институт |
| Астана қаласы | 14 | 10 университет, 3 академия, 1 институт |
| Алматы қаласы | 39 | 28 университет, 9 академия, 1 консерватория, 1 корпорация |
| **Барлығы** | **116** | **89 университет, 17 академия, 1 консерватория, 1 корпорация, 8 институт** |

2017-2018 оқу жылында ЖОО-лардың күндізгі бөлімдерінің көрсеткіштері сақталды. ЖОО-лардың кешкі (-1) және сырттай (-5) бөлімдерінің азайғаны тіркелді (11-сурет).

**11-сурет. Қазақстан: оқыту нысандары бойынша ЖОО бөлімдері, бірлік**




## 2.3. Жоғары білім беруді қаржыландыру

***Жоғары білім беруге жұмсалған жалпы мемлекеттік шығындар***

Әлемдік тәжірибеде мемлекеттік қаржыландыру, студенттердің оқу үшін төлеген ақшасы және студенттерге білім берумен байланысты олардың төлемдері, қайырымдылық көмектер, университеттерге тауарлар мен қызметтер үшін жеке жарналар, сондай-ақ коммерциялық жоғары оқу орындары үшін күрделі салымдар ЖОО-лар бюджетінің негізгі көздері болып табылады. Мемлекеттік қаржыландыру және студенттердің оқу ақысы, әдетте табыстың негізгі үлесін құрайды.

ҰЭМ СК деректері бойынша, 2017 жылы Қазақстанның білім беруге жұмсаған мемлекеттік шығындары жалпы ішкі өнімнен (ЖІӨ) 3,7%-ды құрады. Жоғары білім беруге жұмсалған *мемлекеттік шығындардың үлесі* ЖІӨ-ге қатысты 0,3% деңгейінде тұрақты түрде төмен болып қалып отыр, ғылымға жұмсалған шығындар ЖІӨ-ге қатысты 0,2%-дан аспайды. ЖІӨ-ге пайыздық тұрғыдан қатысты инвестициялардың мұндай деңгейі көптеген елдерге қарағанда едәуір төмен және ЖІӨ-ге қатысты ЮНЕСКО ұсынған 5-7% орташа деңгейден төмен.

2017 жылы Қазақстандағы білім беру жүйесіне жұмсалған республикалық бюджеттің шығындары 458 636 млн теңгені құрады. 2016 жылмен салыстырғанда, бірқатар бюджеттік бағдарламалар бойынша шығындар айтарлықтай азайды. Алайда 100 «Жоғары, Жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды дайындау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету» бюджеттік бағдарламасы бойынша қаржыландыру көлемі 4,5%-ға өсті. Қазақстанның Жоғары білім беру жүйесінде мемлекеттік ресурстарды бөлу негізінен 3 бағдарламаға шоғырланған (11-кесте).

**11-кесте. ҚР БҒМ Жоғары және Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы бюджеттік бағдарламаларын (ішкі бағдарламаларын) жүзеге асыру, млн теңге**

| Бюджеттік бағдарламалардың (ішкі бағдарламалардың) атауы | 2016 ж. | 2017 ж. |
|---|---|---|
| **Жоғары және Жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету, соның ішінде:** | **149 403 583** | **146 465 593** |
| Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды дайындау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету | 95 101 938 | 99 539 492 |
| «Болашақ» бағдарламасы аясында шет елдерде жоғары оқу орындарында мамандарды дайындау | 19 204 507 | 14 373 727,1 |
| Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бар мамандарды дайындау және «Назарбаев Университеті» ДБҰ-да қызметті ұйымдастыру жөніндегі қызметтер | 28 566 912 | 29 795 072 |

| | | |
|---|---|---|
| Жоғары және Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы әдістемелік қамтамасыз ету | 1 880 309 | 1 021 182,1 |
| Білім беру кредиттерін қайтару жөнінде тексерілген агенттердің қызметтерін төлеу | 133 456 | 191 665 |
| Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін мақсатты трансферт есебінен білім беруді ұйымдастырудың күрделі шығындары | 1 335 000 | |
| «Назарбаев Университеті» ДБҰ базасында Қазақстан Республикасы ЖОО-лары басшыларын (үздік-менеджерлерін) дайындау және біліктілігін арттыру | 335 427 | |
| Жоғары білім беру объектілерін қайта құрылымдау және салу | 1 309 926 | 109 274 |
| Қазақстан Республикасы азаматтарының қазақ тілін білу деңгейін бағалау | 55 227 | 63 631 |
| Білім беру сапасына сыртқы бағалау жүргізу | 417 172,1 | 431 097,1 |
| Білім беру қорланымына салымдар бойынша сыйақылар төлеу | 373 904 | 563 501 |
| Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі операторы қызметтерін төлеу | 93 293 | 84 050 |
| Республикалық мектеп олимпиадаларын, конкурстарды, республикалық маңызы бар мектептен тыс іс-шараларды өткізу | 496 512 | 248 101,7 |
| «Серпін» жобасы аясында оқу миграциясын ынталандыру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру | 100 000 | 44 800 |
| **Ғылымды дамыту, соның ішінде:** | **27 495 556** | **27 907 993** |
| Мемлекеттік сыйлықтар және стипендиялар | 105 431 | 241 130 |
| Ғылыми және/немесе ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру | 11 364 513,6 | 8 584 812 |
| Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру | 14 847 982,7 | 10 634 313 |
| Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу | 1 177 628,7 | 2 056 296 |
| Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерцияландыруға гранттар беру қызметтері | | 375 442,0 |
| Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерцияландыруды гранттық қаржыландыру | | 6 000 000 |
| Халықаралық ғылыми-техникалық орталықтың қызметін жалғастыру туралы келісімді жүзеге асыруды қамтамасыз ету | | 16 000 |
| **Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін мемлекеттік ұйымдардың кадрларын қайта даярлау және біліктілігін арттыру** | **1 306 434** | **491 172** |
| **«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КАҚ жарғылық капиталын ұлғайту** | **342 500** | **56 657** |
| | | |
| ***БАРЛЫҒЫ*** | ***178 548 073*** | ***174 921 415*** |

2018 жылы мемлекеттік бюджеттен бір студентті оқытуға жұмсалған шығын орта есеппен 635 800 теңгені (*2017 жыл - 596 188 теңге*) құрады. 2018 жылы бакалаврды дайындауға мемлекеттік тапсырыстың көлемі 29%-ға, магистрларды – 20%-ға және докторанттарды – 43%-ға артқаны байқалады (12-кесте).

### 12-кесте. Кадрларды даярлауға мемлекеттік тапсырыс

| Білім беру деңгейі | Оқу жылы | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **2014-2015** | **2015-2016** | **2016-2017** | **2017-2018** | **2018-2019** |
| Бакалавриат | 34 115 | 32 168 | 31 700 | 37 932 | 53 594 |
| Магистратура | 6 737 | 6 682 | 7 400 | 10 004 | 12 504 |
| Докторантура | 656 | 585 | 628 | 1 285 | 2 240 |
| **Барлығы** | **41 508** | **39 435** | **39 728** | **49 221** | **68 338** |

ЖОО-лардың ғылыми-зерттеу қызметі ҚР БҒМ ғылыми жобаларды жүзеге асыру үшін бөлетін қаржылық құралдар аясында жүзеге асырылады. 2016 жылмен салыстырғанда, «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» сияқты (+13%) бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржыландырудың өскені байқалады (13-кесте).

### 13-кесте. ҚР БҒМ ғылыми қызметін қаржыландыру, млн теңге

| Бағдарлама | Бюджет | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **2014 жыл** | **2015 жыл** | **2016 жыл** | **2017 жыл** |
| Ғылыми зерттеулерді бағдарламалық-нысаналы | 14 220 | 10 270 | 11 365 | 8 585 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| қаржыландыру | | | | |
| Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру | 16 376 | 21 976 | 14 848 | 17 010 |
| Ғылыми зерттеулерді базалық қаржыландыру | 5 408 | 5 066 | 4 953 | 4 994 |
| Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама | 1656 | 1 646 | 1 178 | 2 056 |
| **Барлығы** | **37 660** | **38 958** | **32 344** | **32 645** |

ҚР БҒМ деректері бойынша, 2017 жылы біліктілікті арттыру курстарынан өткен ОПҚ саны 11 000 астам адамды құрады. Оқытушылардың басым бөлігі елде ұйымдастырылатын біліктілікті арттыру курстарынан өтеді.

2017-2018 оқу жылында бюджеттік қаражат есебінен біліктілікті арттыру курсынан 1 400 адам өтті. Осы көрсеткіш бойынша шығындардың азайғаны байқалады. Егер 2016 жылы шығындар 1 306 млн теңгені құраса, ал 2017 жылы – барлығы 331 млн теңгені құрады.

ҚР БҒМ деректері бойынша, 2018 жылы мемлекеттік ЖОО кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлауға жұмсалған шығын 333 млн теңгені құрады (14-кесте).

**14-кесте. Кадрларды қайта даярлау және біліктілікті арттыру мемлекеттік вузов, адам**

| **Бюджет, млн теңге** | **735** | **882** | **1 306** | **331** | **333** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жылдар** | **2014** | **2015** | **2016** | **2017** | **2018** |
| ЖОО ОПҚ-ның біліктілікті арттыру және қайта даярлау курстарынан өткен педагогикалық қызметкерлерінің саны | 800 | 800 | 800 | 800 | 800 |
| Күшейтілген дайындық курстарынан өткен ОПҚ педагогикалық кадрларының саны | 400 | 400 | 1 500 | 0 | 0 |
| ЖОО базасында тіл курстарында біліктілігін арттырудан өткен педагогикалық кадрлар саны (грант) | 0 | 0 | 675 | 0 | 0 |
| Біліктілікті арттыру және қайта даярлау курстарынан өткен дене шынықтыру саласындағы педагогикалық қызметкерлерінің саны | 0 | 0 | 300 | 300 | 300 |

## 2.4. Қазақстандық ЖОО-лардың рейтингтері

Қазақстандық ЖОО-лардың ұлттық және әлемдік рейтингтердегі көрсеткіштері кадрларды даярлау сапасын қамтамасыз ететін ең пәрменді құралдардың бірі болып табылады.

Британдық Quacquarelli Symonds (QS) консалтингтік компаниясының мәліметтері бойынша *Әлемдегі ең үздік университет рейтингі (QS World University Rankings)* әлемдік университеттердің жайғасымын алты критерий бойынша есептейді. Бұл – *Академиялық бедел – 40%; Жұмыс берушілер арасындағы беделі – 10%; Оқытушылар құрамының студенттер санына арақатынасы - 20%; Цитаталану индексі – 20%; Шетелдік студенттердің үлесі – 5%; Шетелдік оқытушылардың үлесі – 5%.*

QS WUR-2018 рейтингіне Қазақстанның 10 ЖОО-сы қатысты. 2017 жылмен салыстырғанда рейтингке ұсынылған қазақстандық ЖОО-лардың саны артты. Қазақ

Ұлттық Аграрлық Университеті (үздік «601+») мен Қарағанды Мемлекеттік Техникалық Университеті (топ 701+) (15-кесте) алғаш рет аталып өтті.

**15-кесте. Қазақстандық ЖОО-лардың QS рейтингінде жайғастырылуы**

| Жылдар | Үздік 200+ | Үздік 300+ | Үздік 400+ | Үздік 500+ | Үздік 601+ | Үздік 701+ |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2015** | Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (275) | ЕҰУ (371) | | Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ (551-600) | Абай атындағы ҚазҰПУ (601-650) | - ҚБТУ<br>- Букетов атындағы ҚарМУ,<br>- С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ,<br>- Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ - М. Әуезов атындағы ОҚМУ |
| **2016** | Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ(236) | ЕҰУ (345) | Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ | Абай атындағы ҚазҰПУ | -М. Әуезов атындағы ОҚМУ<br>-ҚБТУ (651-700) | - Букетов атындағы ҚарМУ,<br>- Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ |
| **2017** | Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ(236) | ЕҰУ (336) | -Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ<br>-Абай атындағы ҚазҰПУ | М. Әуезов атындағы ОҚМУ | -Букетов атындағы ҚарМУ<br>-ҚБТУ | Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ<br>(801+) |
| **2018** | Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ(220) | ЕҰУ (394) | - Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ (464)<br>-М. Әуезов атындағы ОҚМУ (480)<br>-Абай атындағы ҚазҰПУ (481) | | - Букетов атындағы ҚарМУ<br>- ҚазҰАУ<br>- ҚБТУ | |

- Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстандық ЖОО-лар арасында ең үздік динамиканы көрсетіп отыр. 2015 жылы ЖОО 275-орында тұрды, 2016-2017 жылдары өзінің жайғасымын 236-орында сақтады, 2018 жылы көрсеткішін жақсартып, 220-орынға орналасты, осылайша 16-жайғасымға көтерілді.
- Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ өзінің жайғасымын 336-орыннан 394-орынға өзгертіп, бірнеше жыл бойы үздік «300+» қатарына кіріп жүрді. 2018 жылы ЖОО 394-орынға жайғасты.
- Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ QS WUR рейтингінде тұрақты жайғасты. Мысалы, 2015 жылы ЖОО үздік «551-600» кірген болса, соңғы үш жылдың ішінде ЖОО-ның үздік «401+» кіру динамикасы байқалмайды, 2018 жылы – сәйкесінше 464-орынды иеленді.
- М. Әуезов атындағы ОҚМУ-дың рейтингке қатысуда айтарлықтай өскені байқалады, 2015 жылғы мәліметтер бойынша, ЖОО үздік «701+» кірді, ал 2016 жылы ЖОО өзінің көрсеткішін жақсартып, үздік «601+», 2017 жылы үздік «501+» және 2018 жылы «401+» қатарына кірді, әлемдегі ең үздік университеттердің арасында 480-орынды иеленді.
- Рейтингте алдыға жылжу сондай-ақ Абай атындағы ҚазҰПУ-де байқалады. 2018 жыл ЖОО 481-орынға жайғасты, 2017 жылы - үздік «401+», 2016 жылы - үздік «500+», 2015 жылы - үздік «601-650» қатарына кірді.
- Букетов атындағы ҚарМУ халықаралық рейтингке 4 жыл бойы қатысып келеді. 2015-2016 жылдары ЖОО үздік «701+», 2017- 2018 жылдары – үздік «601+» қатарына кірді.
- ҚБТУ тұрақты жайғасымын сақтап отыр, 2015 жылы ЖОО үздік «701+» кірді, соңғы үш жылдың ішінде ЖОО үздік «601+» қатарынан орын алып келеді.
- Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ QS WUR рейтингіне тұрақты қатысады, 2015-2016 жылдары ЖОО үздік «701+» кірді, 2017 -2018 жылдары ЖОО үздік «801+» қатарынан көрінді.

Жалпы алғанда қазақстандық университеттер білім беру қызметін жоғары білім беру сапасын бағалаудың халықаралық әдістеріне сәйкес жүргізетіндігін растайды. Қазақстандық ЖОО-лардың жаһандық рейтингтердегі жайғасымдарын ары қарай жақсарту мемлекеттік қолдау көрсетуді талап етеді.

Сондай-ақ Қазақстанның ЖОО-лары *Webometcrics рейтингіне* қатысады. *Ғылыми зерттеулер жөніндегі жоғарғы кеңестің жанындағы Ұлттық ақпарат және құжаттама орталығының «Cybermetrics Lab» (Webometcrics) зертханасы* жүргізген ЖОО-ларды саралау мақсаты – көптеген веб-пайдаланушылардың ғылыми жарияланымдарға, зерттеу қызметінің нәтижелеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету.

2018 жылы Webometrics рейтінгі бойынша 122 қазақстандық ЖОО сараланды. Қазақстандық ЖОО-лар арасында бірінші орынды Л.Гумилев атындағы ЕҰУ (1998-орын), ары қарай – Назарбаев Университеті (2348-орын) және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (2475-орын) алды (12-сурет.)

**12-сурет. Қазақстандық ЖОО-лардың Webometrics рейтингіне қатысуы**



2017 жылмен салыстырғанда ЖОО-лар санының артқаны тіркелді (+21). Қазақстан ЖОО-ларына ақпарат беру форматы мен ресми сайттарды жетілдіру жөніндегі жұмысты күшейту қажет.

*Университеттердің QS рейтингі: Шығыс Еуропа және Орталық Азия* (әлемнің ең үздік 200 университеті). Бұл рейтингтің әдістемесі QS World University Rankings- пен ұқсас. 2017 жылы рейтингке 18 ЖОО, 2018 жылы – 22 ЖОО қатысты.

Осы өңірдің ең үздік 50 ЖОО-сына Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (10-орын), Л. Гумилев атындағы ЕҰУ (24-орын), Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ (50-орын) кірді.

Сондай-ақ 68-орынға – ҚБТУ, 77-орынға – ҚазҰАУ, 78- орынға – М. Әуезов атындағы ОҚМУ, 86-орынға – Абай атындағы ҚазҰПУ жайғасты. Ең үздік 101-110-ға – Е. Букетов атындағы ҚарМУ және ҚарМТУ. Ең үздік 131-150-ге – Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы технологический университеті, Д. Серікбаев атындағы ШҚМТУ. Ең үздік 151-200-ге – Нархоз Университеті, М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Х.А. Яссауи атындағы ХҚТУ енді.

Қазақстанда соңғы бірнеше жыл бойы ЖОО рейтингтерін Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы жүргізді (ҚР БҒМ мемлекеттік тапсырмасы бойынша), ал 2014 жылдан бастап рейтингтерді жүргізуге АРТА қосылды.

*Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің (АРТА) рейтингіне* 2017 жылы 59 ЖОО қатысты (2016 ж.-75, 2015 ж.-55). Рейтинг келесі бағыттар бойынша жүргізіледі: *Мамандарды дайындау бағыттары бойынша институционалдық рейтинг;Мамандарды дайындау бағыттарына және деңгейіне сәйкес ҚР ЖОО рейтингі; ҚР ЖОО ОПҚ-сының бас рейтингі (Ең үздік-50).*

*Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі қазақстандық тәуелсіз агенттіктің (БСҚҚТА) Қазақстанның ең үздік көпбейінді ЖОО ұлттық рейтингіне* 2017 жылы 21 ЖОО қатысты (2016 ж.-18, 2015 ж.-18, 2014 ж.-18). Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, М. Әуезов атындағы ОҚМУ жетекші жайғасымды иеленіп отыр.

2017 жылы *техникалық мамандықтар бойынша* ҚБТУ, ҚарМТУ және Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ (рейтингке қатысушы 16 ЖОО), *гуманитарлық- экономикалық мамандықтар бойынша* – Қазтұтыну одағы ҚЭУ, Алматы менеджмент университеті және Нархоз Университеті (барлығы 10 қатысушы ЖОО), *медициналық ЖОО* бойынша – С. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, *өнер* ЖОО бойынша – ҚазҰӨУ, ең үздік *педагогикалық* ЖОО бойынша – ҚазМемҚПУ ең үздік шықты.

Сондай-ақ білім беру бағдарламаларының рейтингін «Атамекен» ҰКП жүргізеді. Жұмыс берушілер жаңа бағдарламаларды ашуға және өзектендіруге баса назар аударады. 66 ЖОО-ның рейтингі қалыптастырылды. Бағалау критерийлері – ЗТМО топтастырылған мәліметтері бойынша, түлектердің жұмысқа орналасу пайызы және орташа жалақысы; оқытушы-профессорлар құрамының практикалық тәжірибесі; ЖОО-ның білім беру бағдарламасына салған инвестициялары; білім беру бағдарламаларын халықаралық аккредиттеу мәліметтері, тақырыптың толықтығы, контенттің өзектілігі және ұсынылатын әдебиеттің сонылығы. Осы рейтингтің нәтижелері – ҚБТУ, ХАТУ, Д. Серікбаев атындағы ШҚМТУ, ҚНУ, Нархоз.

Барлық ұлттық рейтингтердің қорытындысы жыл сайын БАҚ-та және агенттіктердің ресми сайттарында жарияланады.

## 2.5. Инклюзивті білім беру

Мүмкіндіктері шектеулі адамдарға сапасы жоғары білім алу үшін тең мүмкіндіктер беру Қазақстанды дамытудың алты қағидасының бірі болып табылады.[3]

Білім беру саласының әлеуметтік жауапкершілігі мәселелері ҚР «Білім туралы» Заңымен реттеледі. «Мемлекет инклюзивті білім берудің мақсатын іске асыра отырып, білім берудің барлық деңгейінде даму мүмкіндіктері шектеулі азаматтарға олардың білім алуына, дамуындағы ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне арнайы жағдайлар жасауды қамтамасыз етед» *(8-бап. «Білім беру саласындағы мемлекеттік кепілдіктер»).* Заңнамалық негізде былай деп көрсетілген –
«Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары инклюзивті білім беру ескеріле отырып әзірленеді» *(56-бап).*

Заңнаманың ұғымдық аппаратына сәйкес, «инклюзивті білім беру – барлық білім алушыларға арнайы білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алуға тең қол жеткізуді қамтамасыз ету процесі».

Бірінші және екінші топтардағы мүгедектер мен мүгедек балалар үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға оқуға түсу кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мөлшерде қабылдау квотасы көзделеді *(ҚР «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 29-бабы).*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы «Техникалық және кәсіптік, орта оқу орнынан кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасын белгілеу туралы» № 264 қаулысымен келесі нормалар бекітілді:

• I, II топтардағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар арасынан шыққан азаматтар үшін – 1 %;

• жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар үшін – 0,5%;

• ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша ауыл жастары арасынан шыққан азаматтар үшін – 30%;

• Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар (оралмандар) үшін – 4%;

• жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары үшін – 1%;

• Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударған ауыл жастары арасынан шыққан азаматтар үшін – 10%.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы «Білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы» №116 қаулысына сәйкес, көзі нашар көретін мүгедектер мен құлағы кеміс мүгедектер, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және азаматтардың қорғаншылығындағы (қамқорлығындағы) балалар көтеріңкі мемлекеттік стипендия алуға құқылы.

Білім беру мен ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен ЖОО-лардың әлеуметтік жауапкершілігінің көрсеткіші анықталды. Инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған Қазақстан ЖОО-ларының үлесі 2020 жылға таман 100%-ды құрауы тиіс.

Елдегі ЖОО-лар бұл бағытта мақсатқа сәйкес жұмыстарды атқарып жатыр. Бұл инклюзияны ескере отырып, білім беру бағдарламасын әзірлеу, ерекше қажеттіліктері

---

[3] Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдама http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1400000732

бар білім алушылармен жұмыс жасау үшін ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау, инклюзивті білім беру кафедраларын құру, аранйы материалдық-техникалық базаны күшейту.

Қазақстандық ЖОО-лар арасында екі ұлттық университеттің тәжірибесі ерекше аталады. Абай атындағы ҚазҰПУ базасында «Превентивті суицидология және ҚР ЖОО арналған инклюзивті білім берудің ресурстық кеңес беру орталығы» жұмыс жасайды. Орталық ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді, инклюзивті білім беру саласында жұмыс істейтін мұғалімдерді даярлауда ЖОО-лардың қызметін үйлестіреді.

Білім алушылар «Инклюзивті білім беру» міндетті курсын (2 кредит) өтеді. Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жасау бағытында дефектолог мұғалімдерді дайындау мазмұны жаңартылып жатыр.

Университеттің көру және есту қабілеттері бұзылған студенттерін қолдаудың кеңес беру-практикалық орталығы арнайы жабдықтармен жарақтандырылған. Бұл жұмыс «Жігер» мүмкіндігі шектеулі адамдардың жастар ұйымы» қоғамдық бірлестігі мен «СОРОС-Қазақстан» қорының көмегімен жүргізілді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің 12 факультетінде халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал санатына жататын студенттерге оқу мүмкіндігі берілген. Білім алушылардың мұндай санатына белгілі бір қолдау көрсетіледі. Бұл жатақханада тұрғаны үшін төлемнен босату, тегін тамақтану және демеушілік стипендиялар.

Елдегі 66 азаматтық ЖОО-ның инклюзивті білім беру мәселесі бойынша мониторинг қорытындысы *(ұлттық – 8; мемлекеттік – 25; акционерленген – 10; халықаралық – 1 және жекеменшік ЖОО-лар – 22)* келесіні көрсетті. Білім алушыларының контингенті І топтағы мүгедектерден тұратын ЖОО-лар үлесі респондент-ЖОО-лардың жалпы санынан 48%-ды, ІІ топтағы мүгедектерден тұратын – 55%-ды, ІІІ топтағы мүгедектерден тұратын – 83%-ды құрады.

Аз қамтылған отбасылардан шыққан білім алушылар контингенті бар ЖОО-лар үлесінің көрсеткіші 69%-ды, ауылдық жерлерден келген білім алушылар – 77%-ды, оралман студенттер – 51%-ды; жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар – 88%-ды, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша ҰОС қатысушыларына және мүгедектеріне теңестірілгенде – 17%-ды құрады. Шетелдік студенттер оқитын ЖОО-лар үлесі 72%-ды, толық емес отбасыдан шыққан студенттер оқитын – 72%-ды және көпбалалы отбасыдан шыққан студенттер оқитын ЖОО-лар үлесі 74%-ды құрады (13-сурет).

**13-сурет. Халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал санатынан шыққан білім алушылар контингенті бар ЖОО-лар үлесі, 2018 жыл**




Екі жылдың ішінде елдегі ЖОО-ларда ерекше қажеттіліктері бар білім алушылар санының (+107 адам) өскені тіркелді. Даму қабілеттері шектеулі білім алушылардың жалпы саны 2017 жылы – 1148-ді және 2018 жылы – 1255-ті құрады (14-сурет).

**14- сурет. Даму мүмкіндіктері шектеулі білім алушылар контингенті, адам**




*Білім беру деңгейі тұрғысынан* I, II және III топтағы мүгедек білім алушылардың көпшілігі бакалавриат бағдарламасы бойынша білім алады. Сонымен қатар олардың саны 2018 жылы өсті (+45 адам). Магистратура бағдарламасы бойынша оқып жатқан әр

түрлі санаттағы мүгедек-білім алушылар санының өскені тіркелді (15- сурет).

**15-сурет. Білім деңгейі бойынша даму мүмкіндіктері шектеулі білім алушылар контингенті, адам**




Мүгедектігі бар *білім алушылардың гендерлік арақатынасы* сыни болып табылмайды Инклюзивті жоғары білім беруде белгілі бір жыныстың көбірек ұсынылуына қатысты қорытынды жасау үшін айырмашылықтар көрсеткіштері маңызды емес. Екі жыл бойы оқытқан кезде ерлер мен әйелдер арасында мүгедектіктің белгілі бір санаттар бар білім алушылар санының өскені байқалады (16 және 17-сурет).

**16-сурет. Даму мүмкіндіктері шектеулі еркек жынысты білім алушылар контингенті, адам**



### 17- сурет. Даму мүмкіндіктері шектеулі әйел жынысты білім алушылар контингенті, адам




Әлеуметтік тұрғыдан осал топтардан шыққан ең көп білім алушылар саны оқытудың *күндізгі нысанына* тиесілі. Сырттай нысанда оқитын студенттердің ең көп мөлшері мемлекеттік ЖОО-лар мен жекеменшік ЖОО-ларға тиесілі.

Этникалық тиесілігі бойынша статистикалық ақпарат суретте көрсетілген (18-сурет).

### 18-сурет. Этникалық топтар бойынша даму мүмкіндіктері шектеулі білім алушылар контингенті, 2018 жыл, адам




Жалпы алғанда, барлық ЖОО-ларда ректордың гранттарын бөлген кезде әлеуметтік тұрғыдан осал студенттердің мәртебесі мен олардың әлеуметтік жағдайы ескеріледі. Әлеуметтік тұрғыдан осал студенттерге жұмыс берушілердің гранттарын бөлген кезде және халықаралық алмасу бағдарламаларына қатысқан кезде артықшылықтар беріледі (19-сурет).

**19-сурет. Гранттарды бөлген кезде әлеуметтік тұрғыдан осал студенттерге қолдау көрсету, 2018 жыл**




Іс жүзінде елдегі әрбір жоғары оқу орны *өзінің қаражаты есебінен* халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарынан шыққан студенттерге жатақханада тұруға және студенттер асханасында тамақтануға, қоғамдық көлікте жүру үшін төлемге жеңілдіктер, киім, аяқ киім және жұмсақ инвентарьлар сатып алуға бір реттік ақшалай өтемақы сияқты әлеуметтік қолдау көрсету түрлерін ұсынады.

Сонымен қатар, инклюзивті білім беру қызметін жүргізуде қазақстандық ЖОО-ларды мемлекеттік қолдау көрсету, қаржыландыру маңызды. Дамуында мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін материалдық базаны нығайтуда ЖОО-ларға мақсатты қолдау көрсету қажет. Бұл ғылыми кітапханалар мен оқу залдарын, зертханаларды, жоғары оқу орындарының бос уақыт орталықтарын арнайы жабдықтарымен және техникалармен жабдықтау; мультимедиалық тұсаукесерлер мен электрондық ресурстар түрінде арнайы оқу материалдарының болуы.

Сонымен қатар, ЖОО-да ОПҚ-ның дамуында физикалық ауытқулықтары бар білім алушылармен жұмыс істеуге құзыреттілігінің жоқтығы байқалады. Инклюзивті білім беру үшін жеке бейімделген бағдарламаларды әзірлеу мен енгізуді қоса алғанда, академиялық құрамды күшейту қажеттігі байқалады.

Болон процесіне қатысушы елдердің жоғары мектептерінде инклюзивті білім берудің мақсатты саясатын жүргізу қажеттігі 2018 жылғы *Париж коммюникесінде* баяндалған: «ЖБЕК мүшелерінің жартысынан азы Қолжетімділікті дамыту жөніндегі ұлттық жоспарларды қабылдады және енгізді; ЖБЕК мүшелерінің басым көпшілігінде қатысушар санын ұлғайтумен байланысты ортақ мақсаттар бар, бірақ олар аз таныстырылған топтардың қатысуын ұлғайту үшін ешқандай нақты шаралар қабылдаған жоқ; қазіргі уақытта 2018 жылы Болон процесінің параметрлерін жүзеге асыру туралы баяндамаға сәйкес тиімді мониторнингтің едәуір тиімді құралдарын әзірлеу қажет.

Әлеуметтік өлшемге деген тоқыраушы қызығушылық үрей туғызады. ЖБЕК-тің студенттері әртекті тұрғындардың өкілдері болып табылмайды. Жоғары білім алуды шын мәнінде барлығына қол жетімді жасау үшін, біз жоғары білім берудің әлеуметтік өлшеміне әлдеқайда көп инвестиция салуға шақырамыз».

ЖОО-лардың әлеуметтік жауапкершілігі – Болон процесінің іргелі құндылықтарының бірі. Осыған байланысты қазақстандық ЖОО-ларға университеттерді дамытудың стратегиялық жоспарларында инклюзивті білім беру қызметінің аспектілерін ескеруге кеңес беріледі. Студенттік ұжымдар білім алушылардың аз таныстырылған топтарына қолдау көрсету жөніндегі іс-шараларға тартылуы мүмкін. Ашық сандық білім беру контекстінде мүмкіндігі шектеулі

студенттер үшін қашықтықтан оқыту мүмкіндіктерін ұлғайту қажет. Оқу материалдары мен ғылыми әдебиеттердің электронды дерекқорын және оны қол жетімді жасау мүмкіндігін қарастыру қажет.

Ұлттық деңгейде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің әлеуметтік факторын бағалау тұжырымдамасы мен критерийлерін әзірлеген абзал. Бұл жұмыс инклюзивті оқытудың индикативті индикаторларын осы білім беру саясатын кең және толық түсінігінде қайта қарастыруға мүмкіндік береді.

Бұл, өз кезегінде, Қазақстанның Болон процесіне қатысушы ел ретінде қабылдаған міндеттемелерін тиімді жүзеге асыруына ықпал етер еді: «Сондықтан біз жоғары оқу орындарын өздерінің әлеуметтік жауапкершілігін жүзеге асыруға ынталандыратын және қолдау көрсететін, мәдениетаралық өзара түсіністікті, азаматтық қатысуды және этикалық хабардарлықты, сондай-ақ жоғары білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етуді ұлғайту арқылы инклюзивті қоғамның барынша бірігуіне мүмкіндік беретін саясатты әзірлеуге міндеттенеміз» (Париж коммюникесі, 2018 жыл).

## 3-ТАРАУ. ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

### 3.1. ЖОО- да оқып жатқан ересек адамдар саны

Елдің заңнамасы «әрбір адамның интеллектуалды дамуы, психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тұрғындар үшін білім берудің барлық деңгейінің қолжетімділігіне» кепілдік береді. Өзінің деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі – Қазақстанның мемлекеттік білім беру саясатының негізгі қағидаларының бірі. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі елдегі білім берудің біртұтас жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. 2013 жылдан бастап жоғары білім берумен жалпы қамтылу көрсеткішінің артқаны тіркелді (1-кесте).

**1-кесте. Қазақстан: жоғары біліммен жалпы қамтылуы, %**

| | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 | 2016 | 2017 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қазақстан Республикасы | 49,60 | 49,50 | 53,14 | 53,39 | 50,90 | 48,37 | 48,44 | 51,14 | 54,29 |
| соның ішінде: | | | | | | | | | |
| әйелдер | 56,66 | 55,33 | 59,70 | 60,15 | 57,23 | 54,70 | 53,86 | 57,29 | 60,29 |
| ерлер | 42,73 | 43,63 | 46,62 | 49,16 | 46,09 | 42,26 | 43,22 | 45,24 | 48,55 |

ЮНЕСКО-ның Білім беруді дамыту индексін бағалау әдісіне сәйкес, ***25 жастан асқан тұлғалар ересек тұрғындар*** ретінде анықталады. 2018 жылы елдің жоғары білім беру жүйесінде оқып жатқан 25 жылдан асқан адамдардың жалпы саны 65 409 адамды құрады (2015 жылы – 47555 адам).

Өңірлер бойынша Атырау облысында елдегі ЖОО-ларда оқитын 25 жастан асқан білім алушылар деңгейінің төмендегені тіркелген. Бұл көрсеткіштің біршама жоғары мәні Қостанай облысында тіркелген.

Үш жыл бойы бұл көрсеткіш 20%-дан төмен түскен жоқ және 2017-2018 оқу жылында 23,2%-ды құрады. Бұл көрсеткіштің Жамбыл облысында – 2015-2016 оқу жылында 13%-дан 20,5%-ға дейін, Павлодар облысында – 2017-2018 оқу жылында 15,7%-дан 23,4%-ға дейін өскені тіркелді. Жалпы алғанда, Қазақстан бойынша үш академиялық кезеңнің ішінде 25 жастан асқан білім алушылардың жас санаты студенттердің жалпы санынан 10,4%-дан 13,2%-ға дейін артты.

### 3.2. ЖОО-ға түскен студенттер саны

Дәстүр бойынша, елдегі жоғары оқу орындарына ***түскендердің ең көбі*** демографиялық көрсеткіштері жоғары және жоғары оқу орындарының саны көп өңірлерден келгендер *(Астана және Алматы қалалары, Оңтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстары)* (1-сурет).

**1-сурет. Елдегі ЖОО-ға оқуға түскен студенттерінің саны көп өңірлер, адам**




Еліміздегі жетекші білім беру, ғылыми-зерттеу және қаржылық-экономикалық орталықтардың бірі ретінде Алматы қаласында тұрғындар құрылымы бойынша айтарлықтай үлесті жастар алады. Оңтүстік Қазақстан облысы тұрғындар құрылымы бойынша жастардың және ЖОО санының көп болуына байланысты оқуға қабылданған студенттердің саны бойынша көшбасшы-өңірдің құрамына кіреді.

## 3.3. ЖОО-ға түскен, бірақ оқуын аяқтамаған студенттер саны

2015-2017 жылдары ***түрлі себептерге байланысты оқудан шығып кеткен студенттер саны*** 183 462 адамды құрады. Оның ішінде 39 376 адам басқа жоғары оқу орындарына ауыстырылды, 20 928 студент осы оқу орнында басқа оқыту нысандарына ауыстырылды, 1 390 адам Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына шақырылды.

*Студенттердің оқудан шығуының* жоғары деңгейі 2016-2017 оқу жылында тіркелді. Дәл сол оқу жылында оқуға қабылданған студенттер санынан оқудан шығарылған студенттердің үлесі 2016-2017 оқу жылында және 2017-2018 оқу жылында тиісінше 49,74%-ды және 36,2%-ды құрады (2-сурет).

**2-сурет. Оқудан шығарылған студенттер саны, адам**




Ағымдағы оқу жылындағы білім алушылардың жалпы санынан студенттердің оқудан шығу динамикасының көрсеткіші келесідей: 2015-2016 – 13,04%, 2016-2017 – 15,4%, 2017-2018 оқу жылы – 10,08%. Білім алушылардың жалпы санынан оқудан шығарылған студенттердің максималды үлесі 2016-2017 оқу жылына келеді (3-сурет).

**3-сурет. Оқуға түскен және оқудан шығарылған білім алушылар саны, адам**




### 3.4. ЖОО-дан шығарылған студенттер саны

ЖОО-да білім алып жатқандардың оқудан шығуының негізгі себептері – студенттердің қаржылық қиындықтары және басқа ЖОО-ға немесе осы оқу орнында басқа оқыту нысанына ауысу ниеттері. Оқу ақысын төлеуге қабілетсіз болғандықтан 2015-2016 оқу жылында 15 839 адам, 2016-2017 оқу жылында – 16 785 және 2017-2018 оқу жылында – 12 670 адам оқудан шығарылды.

ЖОО-лардың деректері бойынша, 2017-2018 оқу жылында 12753 адам өз еркімен оқудан шығып кеткен. Өткен жылдарда өз еркімен оқудан шығып кеткен студенттер саны қаржылық қиындықтарға байланысты оқудан шығып кеткендерге қарағанда айтарлықтай төмен болды (4-сурет).

**4-сурет. Оқудан шығарылған студенттер санының динамикасы, адам**




Қаржылық қиындықтарға байланысты студенттердің оқудан шығып кетуінің біршама жоғары көрсеткіші Оңтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстарына, Алматы және Астана қалаларына тиеслі (5-сурет).

### 5-сурет. Қаржылық қиындықтарға байланысты студенттердің оқудан шығу көрсеткіштері, өңірлер, адам




Сонымен бірге, өткен оқу жылымен салыстырғанда 2017-2018 оқу жылында Оңтүстік Қазақстан облысында қаржылық қиындықтарға байланысты оқудан шығып кеткен студенттер санының айтарлықтай азайғаны байқалады. Осы себепке байланысты 2017-2018 оқу жылында оқудан шығып кеткендердің ең жоғарғы үлесі Жамбыл облысының оқудан шығып кеткен студенттеріне тиесілі болды (63,7%). Бір қызығы, Жамбыл облысында қаржылық қиындықтарға байланысты оқудан шығып кеткен студенттер арасында әйелдердің үлесі жоғары (67,5%). Гендерлік белгісі бойынша бұл Қазақстанның барлық өңірлерінің арасындағы ең жоғарғы көрсеткіш.

Ақтөбе облысында қаржылық қиындықтарға байланысты оқудан шығып кеткен студенттердің (39,1% немесе 565 адам) үлесі айтарлықтай жоғары болды. Солтүстік Қазақстан облысындағы жағдай да осыған ұқсас, 35,6% немесе 103 адам. Оңтүстік Қазақстан облысында қаржылық қиындықтарға байланысты оқудан шығып кеткен студенттердің үлесі шамамен 35%, Қарағанды облысында - 33,3% болды.

## 3.5. ЖОО түлектерінің саны

Үш жылдың ішінде ***ЖОО түлектері санының*** көрсеткіші азайып келе жатқаны байқалады (-20 100 адам). 90-жылдардың екінші жартысындағы демографиялық көрсеткіштер осы көрсеткіштің төмендеуінің объективті себептерінің бірі болып табылады. Бұл тұтастай алғанда қазақстандық жоғары оқу орындарына қабылдау көрсеткіштеріне айтарлықтай әсер етті (6-сурет).

### 6-сурет. ЖОО-ны бітірушілер көрсеткіші, адам



Өңірлер тұрғысынан алғанда Алматы мен Астана қалалары, Оңтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстары түлектер саны бойынша көш бастап отыр. Бұл осы өңірлердегі студенттердің ең көп контингентінің үрдісі (7-сурет).

**7-сурет. ЖОО түлектерінің көрсеткіштері, өңірлер, адам**




Сонымен қатар, осы өңірлерде оөуға түсетіндер мен оқып жатқандар санының жалпы азаюы аясында түлектер көрсеткішінің де төмендегені байқалып отыр. Жалпы алғанда, бұл өткен жылдардағы демографиялық ахуалдың және оқу миграциясының (шет елде оқуды таңдау) үрдісі.

## 3.6. Жұмысқа орналастыру деңгейі

Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың (ЗТМО) деректері бойынша, 2016 жылмен салыстырғанда ***ЖОО-лардың барлық түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткіші*** 2017 жылы 10%-ға төмендеді (8-сурет).

**8-сурет. ЖОО түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткіші,%**




2017 жылы оқуын аяқтаған түлектердің жалпы саны 132 675 адамды құрады. Олардың ішінде мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында 37 549 адам оқыды. Мұндай түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші 71,9%-ды немесе 27 006 түлекті құрады (9-сурет).

**9-сурет. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алған түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштері, %**




2015 жылы мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алған 35 790 түлектің ішінен тек 29 618 адам ғана жұмысқа орналасты (82,8%), ал 2016 жылы – 41680 адамның ішінен ЖОО-ның 35 332 түлегі жұмысқа орналасты (85,5%).

# 4-ТАРАУ. ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ САПАСЫ МЕН ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

## 4.1. Сапаны сыртқы бақылауды қамтамасыз ету саласындағы ұлттық саясат

Білім беру саласындағы мемлекеттік реттеу құқықтық қамтамасыз ету, білім сапасын басқару, стандарттау, бақылау жүргізу арқылы жүзеге асырылады (ҚР «Білім туралы» Заңының 54-бабы). Қазақстанда жоғары білім берудің сапасын қамтамасыз ету жүйесі өзін қалыптастырудың үш кезеңінен өтті:

- 2001-2005 жылдар – мемлекеттік аккредиттеу процедурасын енгізу;

- 2006-2012 жылдар – сапаны бақылаудан сапаны қамтамасыз етуге өте бастау, мемлекеттік аккредиттеу функцияларын тәуелсіз бәсекелес ортаға беру;

-2010 жыл – Болон декларациясына қол қою және ESG ұстанатындығын растау;

- 2013-2017 жылдар – екі ұлттық агенттіктің ENQA еуропалық желісіне және EQAR тізіліміне енуі, ұлттық аккредиттеу органдарының стандарттарын ESG 2015 талаптарына сәйкес қайта қарастыру, Қазақстанның үкіметтік мүше ретінде EQAR Ассамблеясына қатысуы, қазақстандық ЖОО-лардың халықаралық рейтингтердегі жайғасымы. Аккредиттеу процесіне әр түрлі стейкхолдерлер кеңінен тартыла бастады, азаматтық ЖОО-лар үшін аттестаттау процедурасынан толық бас тартады;

-2018 жыл – ЖОО-лардың академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейту, елдегі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің қызметін реттейтін заңнамалық актілер мен нормативтік-құқықтық құжаттарға өзгертулер енгізу.

Сапаны қамтамасыз етудің қазақстандық жүйесінің ілгерілеуі екі қазақстандық агенттіктің – АРТА және БСҚТА (бұрын БСҚҚТА) агенттігінің халықаралық деңгейде танылуын ерекше атап көрсетеді. 2016 жылы АРТА және 2017 жылы БСҚҚТА ENQA-ның толық мүшесі болып, EQAR-ге ойдағыдай кірді.

ҚР «Білім туралы» Заңы 1-тізілімді «Білім беру саласындағы уәкілетті орган қалыптастырған, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастықтарына кірген ұлттық және шетелдік аккредиттеу органдарының тізбесі» ретінде анықтады.

ЭЫДҰ-ға 36 ел[4], оның ішінде 27 Еуроодақ елі кіреді. ЭЫДҰ[5] мүше елдердің аккредиттеу органдары да Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Азия-Тынық мұхиты желісіне APQN[6] кіреді (тек Азия-Тынық мұхиты өңірлерінің ғана емес, сонымен қатар еуропалық елдерді қосқанда 40 елден 208 агенттік). INQAAHE[7] халықаралық желісі көптеген елдердің, соның ішінде ЭЫДҰ елдерінің аккредиттеу органдарын біріктіретін тағы бір жаһандық желі болып табылады (шамамен 300 аккредиттеу органы мен желісі). Сапаны қамтамасыз ету саласындағы осы аталған барлық халықаралық желілер аккредиттеу процестерінің ашықтығын қамтамасыз ету тәсілдемелерін ұсынады.

Болон процесімен байланысты тәсілдемелер сапаны басқару саласындағы негізгі тренд болып табылады. Сапаны басқару саласында арнайы стандарттар, ESG аналогы әлі әзірленген жоқ. Алайда, Еуразиялық экономикалық комиссия 2017 жылы 13 желтоқсанда ЭЫДҰ[8] ең үздік тәжірибелерін пайдалану жөнінде ұсыныстар дайындайды (реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің әсерін бағалау, ЭЫДҰ-ның статистика, соның ішінде білім беру[9] саласындағы тәжірибесін пайдалану, Жасыл өсу

[4] http://www.oecd.org/
[5] https://www.apqn.org/members/view-all-members
[6] https://www.apqn.org/services/about-asia-pacific-quality-network-apqn
[7] http://www.inqaahe.org/
[8] https://docs.eaeunion.org/docs/ru-ru/01417997/clcr_15122017

стратегиясы аясында әзірленген тәжірибені енгізу, ғылым, технологиялар мен инновациялар саласында бірыңғай ақпараттық-талдамалық ресурсты дамыту жөнінде қызметті жүзеге асырған кезде ЭЫДҰ-ның Инновациялық саясат тұғырнамасын, корпорациялық басқару, жеке деректерді өңдеу және қорғау және ақпараттық қауіпсіздік қағидаларын қолдану).

*Аккредиттеудің сапаны қамтамасыз етудің сыртқы жүйесінің құралы ретінде интернационалдандыруға тигізетін әсері*

## 4.2. Қазақстанның Жоғары оқу орындарын аккредиттеу

Білім беру ұйымдарын тәуелсіз аккредиттеуге көшу, сапаны сыртқы және ішкі бағалау процедураларын халықаралық және еуропалық стандарттармен үйлестіру, халықаралық агенттіктермен ынтымақтастықты нығайту, сапаны қамтамасыз етудің жаһандық және еуропалық желілеріне ену – бұл тұтас әрі өзара байланысты процесс. Аккредиттеу органдарының ENQA-ға мүшелігі және EQAR-ға енуі процедуралар мен процестердің еуропалық деңгейде танылғандығын және бүкіл қазақстандық білімнің танылуына ықпал еткендігін көрсетті.

Бұл елдегі жоғары оқу орындарының танымалдығын және халықаралық қоғамдастықтың қазақстандық білім беруге сенім деңгейін арттыруға мүмкіндік берді. Бұл елдегі жоғарғы мектепті интернационалдандырудың бастамасы болды. Интернационалдандырудың негізгі көрсеткіштері, соның ішінде шетелдік студенттердің көрсеткіштері қазақстандық Жоғары оқу орындарының стратегиялық жоспарларымен біріктірілген.

ESG негізінде ұлттық аккредиттеу органдарының Стандарттарын әзірлеу интернационалдандыруға түрткі болды. Танылған аккредиттеу органдары стандарттарының критерийлері интернационалдандыру, кіріс және шығыс академиялық ұтқырлық, бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бірлескен зерттеулер жүргізу жөніндегі талаптарды қамтиды. ESG-ге қатысты стандарттар мен критерийлердің сақталуы туралы талаптар жоғары оқу орындары қызметінің Үлгі ережелеріне енгізілді.

Ұлттық аккредиттеу органдарының сыртқы сарапшыларының[9][10] есептері ЖОО-ларға арналған интернационалдандыруды, соның ішінде академиялық ұтқырлықты дамыту жөнінде ұсынымдарды қамтиды. Бұл білім алушылардың кіріс академиялық ұтқырлығын және оқытушылардың шығыс ұтқырлығын күшейту, олардың коммуникативтік құзіреттерін арттыру, виртуалды ұтқырлық аясында бағдарламаларды және бағдарламалардың элементтерін әзірлеу, серіктес ЖОО-ларда модульді оқытуды және оқыту және бейресми білім беру нәтижелерін тану процестерін белсенді енгізу, білім беру бағдарламаларын әлемнің үздік университеттерімен үйлестіру, бірлескен және қосдипломды білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру, бірлескен зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу, бірлескен жобаларды жүзеге асыру үшін гранттық бағдарламалардың мүмкіндіктерін пайдалану қажеттігі.

Осылайша *аккредиттеу органдары Қазақстандық ЖОО-лар көрсететін білім беру қызметтерінің сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады.* Аккредиттеу процедурасы еріктілік, тәуелсіздік, объективтілік, жариялылық және ашықтық қағидаларына негізделеді. Аккредиттеу органын таңдау туралы шешімді ЖОО өз бетінше қабылдайды. Аккредиттеу өткізудің шарттары мен мерзімі білім беру ұйымы мен аккредиттеу органы арасында жасалатын аккредиттеу өткізу туралы шартта айқындалады. Білім беру ұйымын аккредиттеу білім беру ұйымының есебінен жүргізіледі.

---

[9] http://iaar.kz/ru/accreditation-ru/otchety-vek/vysshie-uchebnye-zavedeniya

[10] https://iqaa.kz/vneshnyaya-otsenka-audit/otchety-o-vneshnej-otsenke

Жоғары оқу орындарын институционалды аккредиттеудің және білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеудің стандарттары мен критерийлері ұлттық заңнамаға, ESG, Болон процесінің қағидаларына, білім беру саласындағы аккредиттеудің халықаралық тәжірибесіне, білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламаларын бағалаға және олардың аудитіне сәйкес әзірленеді.

Аккредиттеу мүдделі тараптардың: жұмыс берушілердің, студенттердің, шетелдік сарапшылардың, сондай-ақ тәуелсіз бақылаушының – агенттік өкілінің – комиссия жұмысына белсенді қатысуы арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, мүдделі тараптар ЖОО өзі жүзеге асыратын өзін-өзі бағалау процесіне де, сыртқы сараптама комиссиясының сапары барысына да қатысады. Аккредиттеу органдарының сыртқы сараптама комиссияларының есептерін агенттіктердің сайттарынан еркін ашық алуға болады.

Аккредиттеу органдары Жоғары білім берудің еуропалық кеңістігіне (ESG) арналған Сапаны қамтамасыз ету қағидалары мен стандарттарына сәйкес институционалды немесе мамандандырылған аккредиттеуді өткізеді. ESG стандарттарына ұсыныс жасау сипаты тән және білім беру сапасын ішкі және сыртқы қамтамасыз етудің ортақ қағидаларын бекітеді.

ЖОО-лар үшін аккредиттеу процедурасы дәстүрлі түрде *бірнеше кезеңнен* тұрады*:*

-ЖОО-ның/білім беру бағдарламасының аккредиттеуден өту туралы шешім қабылдауы,

- аккредиттеуден өту үшін ЖОО-ның ішкі құжаттамаларын дайындау,
- аккредиттеуден өту үшін өтінім беруге бастама жасау,
- аккредиттеуден өту процедурасы,

-шағым беру.

Институционалды, сол сияқты мамандандырылған аккредиттеудің стандарттары мен критерийлері ЖОО-ның білім беру сапасын ішкі қамтамасыз етуге арналған. Аккредиттеу процедурасы *ESG-дің төрт негізгі қағидасына* негізделеді:

-Жоғары оқу орындары білім беру қызметтерін көрсету сапасы және олардың сапасын қамтамасыз ету үшін толық жауапкершілік алады.

-Сапаны қамтамасыз ету жоғары білім беру жүйесінің, ЖОО-ның, білім беру бағдарламалары мен студенттердің алуантүрлілігіне сәйкес келеді.

-Сапаны қамтамасыз ету сапа мәдениетін дамытуға қолдау көрсетеді.

-Сапаны қамтамасыз ету студенттердің, барлық басқа мүдделі тараптар мен қоғамдардың қажеттілктері мен болжалдарын ескереді.

Аккредиттеу органдарын, соның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарын тану және танылған аккредиттеу органдарының, аккредиттелген білім беру ұйымдарының және білім беру бағдарламаларының тізілімін қалыптастыру қағидаларына сәйкес, үш Тізілім жасалды:

- 1-тізілім – аккредиттеу органдарының тізбесі,
- 2 – аккредиттелген білім беру ұйымдарының тізімі,
- 3 – аккредиттелген білім беру бағдарламаларының тізбесі.

2018 жылы 1-тізілімге 8 аккредиттеу агенттігі: 5 қазақстандық (БСҚҚТА, АРТА, KAZSEE, ARQA, AEO) және Еуропаның 3 шетелдік агенттігі кірді (ASIIN, FIBAA, MusiQuE). Жыл сайын ұлттық агенттіктердің саны артқан сайын, халықаралық агенттіктердің саны азаяды (1-сурет).

**1-сурет. Аккредиттеу агенттіктерінің саны**




Сәйкесінше, ұлттық аккредиттеу агенттіктерінде институционалды аккредиттеуден өткен ЖОО-лар санының артқаны байқалады. 2018 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша, азаматтық ЖОО-лардың жалпы санынан 93%-ында аккредиттеуден өту туралы сертификат бар (2-сурет).

**2-сурет. Институционалды аккредиттеуден өткен ЖОО-лар санының динамикасы**




2018 жылы 1-тізілімге кіретін агенттіктерде *институционалды аккредиттеуден* өткен 110 ЖОО-ның арасында 10 ұлттық, 32 мемлекеттік, 18 акционерленген, 1 халықаралық және 49 жекеменшік ЖОО бар. Ұлттық аккредиттеу агенттіктері тұрғысынан институционалды аккредиттеуден өту туралы ақпарат суретте берілген (3-сурет).

**3-сурет. ЖОО-лардың агенттіктерде институционалды аккредиттеуден өту көрсеткіштері, 2018 жыл**



2015 жылмен салыстырғанда *ұлттық және халықаралық аккредиттеу агенттіктерінде аккредиттелген ЖОО-лардың білім беру бағдарламасы* санының оң динамикасы байқалады (+1458) (4-сурет).

**4-сурет. Мамандандырылған аккредиттеуден өткен білім беру бағдарламалары санының динамикасы**




Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің мәліметтеріне сәйкес, 2018 жылғы 30 шілдедегі жағдай бойынша, лицензияланған бағдарламалардың саны 5057 болды. Осылайша, 2018 жылы мамандандырылған аккредиттеуден өткен білім беру бағдарламаларының үлесі лицензияланған бағдарламалардың жалпы санынан 72%-ды құрады (5-сурет).

**5-сурет. Мамандандырылған аккредиттеуден өткен білім беру бағдарламаларының саны, білім беру деңгейі, 2018 жыл**




2018 жылы мамандандырылған аккредиттеуден 105 қазақстандық ЖОО өтті. Олардың ішінде 9 ұлттық, 31 мемлекеттік, 19 акционерленген, 1 халықаралық және 45 жекеменшік ЖОО. Бұл азаматтық ЖОО-лардың жалпы санынан 89%-ды құрайды (6-сурет).

**6-сурет. Мамандандырылған аккредиттеуден өткен ЖОО-лар саны, бірлік, 2018 жыл**




2018 жылы *ұлттық агенттіктерде мамандандырылған аккредиттеуді* 101

қазақстандық ЖОО өткізді. Бұл азаматтық ЖОО-лардың жалпы санынан 85%-ды

құрайды. Барлығы ұлттық агенттіктерде 2985 білім беру бағдарламасы аккредиттелді, олардың ішінде БСҚҚТА-да – 1649, АРТА-да – 1323, ARQA-да – 13 білім беру бағдарламасы аккредиттелді (7-сурет).

**7-сурет. Ұлттық агенттіктерде мамандандырылған аккредиттеудің өткізілуі, білім беру деңгейі, 2018 жыл**




Халықаралық мамандандырылған аккредиттеуден 33 қазақстандық ЖОО өтті, бұл ЖОО-лардың жалпы санынан 28%-ды құрайды. Олардың ішінде мамандандырылған халықаралық аккредиттеуге елдің 7 ұлттық, 5 акционерленген, 16 мемлекеттік және 5 жекеменшік ЖОО-сы қатысты (8-сурет).

**8-сурет. Мамандандырылған халықаралық аккредиттеуден өткен ЖОО-лар саны, бірлік, 2018 жыл**




*Халықаралық агенттіктерде 656 білім беру бағдарламасы аккредиттелді*. Олардың ішінде бакалавриаттың білім беру бағдарламасының саны 301-ді, магистратуранікі 265-ті және докторантуранікі 90-ды құрады. Халықаралық агенттіктер бойынша ACQUIN-де 273 білім беру бағдарламасы, ASIIN-де – 217, AQA- да – 16, FIBAA-да – 94, MusiQue-де – 56 (9-сурет) аккредиттелді.

**9-сурет. Халықаралық аккредиттеуден өткен ЖОО-лар саны, бірлік, 2018 жыл**



## 4.3. Қазақстанда сапаны ішкі қамтамасыз ету процестері мен жүйесі

Ішкі сапаны қамтамасыз ету саласында ESG 10 стандарттары мен ұсыныстары анықталды.12 бұл ретте халықаралық стандарттардың негізгі тезистерінің бірі Жоғары оқу орындарында сапаны қамтамасыз ету жөніндегі саясатты бекіту болып табылады.

1 ESG стандарттарына сәйкес сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйелерін әзірлеу жөніндегі талаптар Жоғары оқу орындары қызметінің үлгілік қағидаларында белгіленген. Осы талаптар халықаралық деңгейде танылған ұлттық аккредиттеу органдары әзірлеген институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу стандарттарында да қамтылған. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес қазақстандық жоғары оқу орындарында сапаны Ішкі қамтамасыз ету жүйесін дамытудың негізгі үрдістері кестеде (1-кесте.).

**1-кесте.**
**Қазақстандық ЖОО-лардың сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесінің тенденцияларына қысқаша шолу**

| Стандарт | Сәйкестікті сипаттау |
|---|---|
| Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат | ЖОО-лар жұртшылық үшін қолжетімді және олардың стратегиялық менеджментінің бір бөлігі болып табылатын сапаны қамтамасыз ету жөнінде әзірленген саясатты жүзеге асырып жатыр. Барлық қазақстандық ЖОО-ларда сапаны арттыру жөніндегі іс-шараларды қамтитын даму стратегиялары қалыптастырылып жатыр. ҚР БҒМ нормативтік-құқықтық актілері мен ұсынымдары негізінде ЖОО-лар стратегияларды әзірлейді. |
| Бағдарламаларды әзірлеу және бекіту | Өздерінің бағдарламаларын әзірлеу және бекіту үшін ЖОО-ларда процедуралар жұмыс жасайды. Бағдарламалар оқытудың күтілетін нәтижелерін қосқанда, қойылған мақсаттарға сәйкес әзірленеді. |
| Студенттерге дәлденген (студенттерге бағытталған) оқыту, сабақ беру және бағалау | Қазіргі уақытта ЖОО-лар оқу процесіне студенттерге бағытталған оқыту қағидаларын белсенді енгізіп жатыр. Студенттер білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысады, оқытудың жеке-дара траекториясын қалыптастырады, студенттердің өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастыру арқылы сапаны қамтамасыз ету жүйесіне тартылады, алқалық басқару органдарына қатысады. Оқыту процесінде студенттердің белсенді рөлін дамытуға бағытталған студенттерге дәлденген оқытуды енгізу, білім беру бағдарламаларының мазмұнын нәтижелік-бағытталған бағытқа ауыстыру академиялық дербестікті ұлғайтумен байланысты негізгі инновация болып табылады. |
| Студенттерді қабылдау, үлгерімі, тану және сертификаттау | ЖОО-ларда қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау кіретін студенттік «өмірлік циклдің» барлық кезеңдерін қамтитын ережелер әзірленген және анықталған. |
| Оқытушылар құрамы | Оқытушылар құрамының сапасы лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары және лауазымдардың біліктілік сипаттамалары негізінде қамтамасыз етіледі. Оқытушы конкурстан өту арқылы жұмысқа қабылданады. |
| Білім беру ресурстары және студенттерге қолдау көрсету | Қазір негізгі көңіл ресурспен қамтамасыз етуден білім беру ортасын және студенттерге қолдау көрсету жүйесін құруға аударылып отыр. |
| Ақпаратты басқару | Әр түрлі механизмдердің көмегімен білім алушылардың және нарық сұраныстарының қанағаттанушылығы жыл сайын зерделенеді: барлық мүдделі тұлғалардың арасында сауалнама |

[11] Жоғары білім берудің еуропалық кеңістігіндегі Сапаны қамтамасыз етуге арналған стандарттар мен нұсқаулық. - ENQA, 2015.

| | |
|---|---|
| | жүргізу, білім алушылар мен оқытушылардың жұмыс берушілерімен кездесулері, ОПҚ-ның салалық кәсіпорындарда тағлымдамалардан өтуі. Мысалы, білім беру бағдарламаларының мазмұнына өзгертулер енгізу жөніндегі ұсыныстарды барлық мүдделі тұлғалар жасайды, кафедраның және комитеттердің оқу жоспарлары бойынша мәжілістерінде талқыланады. ЖОО-ларда жөнге салынған ақпараттық ағындар бар, заманауи деректер қоры қолданылады, ішкі порталдар жұмыс жасайды. |
| Жұртшылыққа ақпарат беру | ҚР барлық ЖОО-лары университеттің ресми сайтына өздерінің қызметі туралы ақпарат орналастырады, БАҚ-қа мақалалар жариялайды. «Атамекен» ҰПК барлық қатысқысы келгендер үшін қолжетімді ББ рейтингін жүргізуді бастады. |
| Тұрақты мониторинг және бағдарламаларды кезеңдік бағалау | ЖОО-лардағы білім беру бағдарламалары бекітуден, бағдарламаларды мерзімді қайта қарастырудан және мониторингтен өтеді. |
| Сапаны кезеңдік сыртқы қамтамасыз ету | ЖОО-лардың көбі қаржылық қызметтің ішкі аудитін қамтитын сапаны қамтамасыз етудің ішкі процедураларынан өтеді. Барлық қазақстандық ЖОО-лар ҚР БҒМ тексерулеріне дайындық, ЖОО-лар мен білім беру бағдарламаларын аккредиттеу барысында өз-өзін бағалаудан өтеді. |

Мониторинг нәтижелері қазақстандық жоғары оқу орындарының сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесінің нормативтерін реттейтін жұмыстарды жүйелеуде қиындықтарды басынан өткеріп отырғандығын көрсетті. Бұл мәселе бірқатар ЖОО-ларда ИСО 9001 талаптарының негізінде әзірленген сапа менеджменті жүйесімен шектеледі. Сапаны қамтамасыз ету ережелері, құжатталған процедуралар, сапа саясаты, білім беру сапасының нұсқаулығы, ЖОО-ның жарғысы және ЖОО ішіндегі басқа да құжаттар сапаны қамтамасыз ету механизмдері мен құралдарын қолдану тәртібін реттейтін ішкі құжаттар ретінде көрсетілді.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту тәртібінің, сондай-ақ дамытуды жоспарлаудың жүйелі түсінігі жоқ. Көбіне ЖОО-лардың педагогикалық ұжымында тұтас жүйе болмайды – білім беру бағдарламалары ҰБШ, БСШ-ға, кәсіби стандарттарға сәйкес әзірленуі және Дублин дескрипторларымен және Еуропалық біліктілік шеңберімен келісілуі тиіс. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және қайта қарау процедурасы ғылыми-педагогикалық ұжыммен келісілуі және ЖОО-ның ішкі құжаттарымен реттелуі тиіс. Сонымен қатар, жоғары оқу орындары білім беру бағдарламаларын әзірлеуде бекітілген кәсіби стандарттар жеткіліксіздігін және жұмыс берушілер белсенділігінің төмендігін көрсетеді.

Тұтастай алғанда, сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін нығайту мақсатында *қазақстандық ЖОО-ларға академиялық қызметтер мен құрылымдық бөлімшелердің сапалы құрамын нығайтуға кеңес беріледі*. Университеттің академиялық және ғылыми саясаты мәселелерін реттейтін ішкі құжаттар мен ережелерді түбегейлі қайта қарастыру қажет. Сонымен қатар, бұл жұмыс қазақстандық ЖОО-лардың институционалды, академиялық және басқарушылық дербестігі шеңберінде жаңа нормативтік құқықтық база аясында жүзеге асырылуы тиіс.

# 5-ТАРАУ. ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ИНТЕРНАЦИОЛАНДЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

## 5.1. ЖОО-лардың халықаралық ынтымақтастығының заңнамалық базасы

Қазақстанда жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамытудың негізгі үрдісі – ЖОО-ларды интернационалдандыру. Ғылыми-педагогикалық және студенттік қоғамдастықтың халықаралық жобаларға қатысуы, студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығы, сондай-ақ басқа факторлар қазақстандық жоғары білімнің әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялануына ықпал етеді.

Қазақстанның білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастығы елдің заңнамасы мен халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады. Халықаралық ынтымақтастық тиісті *құқықтық базамен* ұсынылған. БҰҰ-ның құқықтық базасы: Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (1948), Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт (1966), Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенция (1960 ж.), ХЕҰ / ЮНЕСКО-ның Мұғалімдердің мәртебесі туралы ұсыныстары (1966 ж.), XXI ғасырдағы жоғары білім туралы Дүниежүзілік декларация: тәсілдер және практикалық шаралар (1998 ж.).

Болон процесіне қатысушы елдердің университеттерін интернационалдандыру мәселелері Еуропа Кеңесінің құжаттарымен реттеледі. Бұл университеттерге қол жеткізуге әкелетін Дипломдардың баламалылығы туралы еуропалық конвенция (ETS №. 15) (1953 ж.), Университеттік біліктіліктерді тану туралы еуропалық конвенция (1956 ж.); Шет елде білім алушыларға стипендияларды төлеуді жалғастыру туралы еуропалық келісім (1969 ж.); Уропа өңірінде жоғары білім беруге жататын біліктілікті тану туралы конвенция (1997 ж.) және т.б.

Ғылыми-білім беру процесі аясында өзара әрекеттесудің негізін ТМД-ның келесі нормативтік базасы құрайды – Білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (1992 ж.), ТМД шеңберінде ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау және олардың біліктілік құжаттарын нострификациялау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (1992 ж.) ), ТМД-ның бірыңғай (жалпы) білім беру кеңістігін қалыптастыру саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (1997 ж.), Білім туралы модельдік заң (ТМД қатысушы мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясының 13-ші пленарлық отырысында қабылданған) (1999 ж.).

Өңірлік деңгейде Шанхай ынтымақтастық ұйымына (ШЫҰ) мүше мемлекеттердің ынтымақтастығы білім беруді интернационалдандырудың табысты жобаларының бірі болды. ШЫҰ университеттерінің жобасы ең үздік ұлттық дәстүрлерді ескере отырып, білім беру, ғылым мен техника саласындағы интеграциялық процестерді дамытуға бағытталған. 2007 жылы қабылданған Тараз декларациясы Орталық Азия жоғары білім беру аймағын құруға бастама боды.

Орталық Азияға арналған Еуропалық білім беру бастамасы бойынша жүзеге асырылып жатқан «Орталық Азияның білім беру платформасы» жобасы өзара әрекеттесудің жарқын мысалы болып табылады. Жобаның мақсаты – Еуропалық одақ пен Орталық Азия арасындағы ынтымақтастықты кеңейту.

2017 жылдың маусым айында Астанада жобаның қамқорлығымен Еуропалық Одақ пен Орталық Азия елдерінің білім министрлерінің екінші кеңесі өтті. Орталық Азия өңірі мен Еуропалық Одақ елдері арасындағы байланыстарды нығайту процесіне жаңа кезеңді қалаған Астана декларациясының қабылдануы кездесудің негізгі қорытындысы болды.

Халықаралық ынтымақтастықтың негізі:

*ұлттық деңгейде:*

- мамандандырылған әлемдік және өңірлік халықаралық ұйымдарға мүшелік,
- жоғары білім беру саласында халықаралық келісімдер жасау;

*институционалды деңгейде:*

- ЖОО-аралық ынтымақтастық туралы шарттар жасау;
- оқытушылар мен білім алушылардың академиялық ұтқырлығы;
- өзара әрекет етудің университеттік желілерін құру;
- бірлескен білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;
- елдегі ЖОО-ларда шетелдік азаматтарды оқыту;
- ЖОО-ларды басқаруға жетекші шетелдік мамандарды тарту;
- бірлескен зерттеулер жүргізу, ақпаратпен және тәжірибемен алмасу.

Қазақстандық ЖОО-лар ЮНЕСКО, UNICEF, DAAD, ERASMUS +, Мевлана және басқа да халықаралық ұйымдардың бірлескен жобаларын жүзеге асыруға белсенді қатысады. Халықаралық координаторлар жобаны қаржыландырудың негізгі көздері болып табылады.

Басқарушылық дербестікті кеңейту тұрғысындағы жоғары білім беру саласындағы жаңалықтар еліміздегі жоғары оқу орындарына халықаралық деңгейде тиімді білім беру және ғылыми жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді.

## 5.2. ЖОО-лардың интернационалдандыру стратегиясын жүзеге асыруы

Қазақстандық ЖОО-лар *халықаралық жобалар* аясында білім беру және ғылыми қызметті жүзеге асырады. Осындай жобаларға қатысу ОПҚ мен студенттерге әр түрлі аспектілерде кәсіби ынтымақтастық орнатуға мүмкіндік береді. Бұл – біліктілікті арттыру, ғылыми тағылымдамалар, ғылыми және кәсіби ақпарат алмасу, жаңа зертханалар мен аудиториялардың ашылуы және т.б.

2018 жылу елдегі ЖОО-лар қатысқан халықаралық жобалардың саны 330 бірлікті құрады. Ұлттық ЖОО-ларда жүзеге асырылатын халықаралық жобалардың ең көп саны (113). Мемлекеттік ЖОО-лар 79 жобаға, акционерленген ЖОО – 61 жобаға және жекеменшік ЖОО-лар – 77 жобаға қатысады. Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ақпараты бойынша, ЖОО халықаралық жобаларға қатыспайды (1-сурет).




• ҰЖОО • МЖОО • АЖОО • ЖЖОО

Қазақстандық ЖОО-лар қатысатын негізгі халықаралық жобалардың бірі – Еуропалық Одақтың Эразмус + бағдарламасы. Осы бағдарламаның аясындағы жобалар еліміздегі жоғары білім беру әлеуетін арттыруды адам әлеуетін дамытудың

негізгі факторы ретінде қарастырады. Бұл бірлескен Магистр дәрежесі және Жан Моне бағдарламасы, кредиттік ұтқырлық және ЖКБ әлеуетін арттыру.

Эразмус + ұлттық кеңсесі Қазақстанда үш негізгі бағыт бойынша мақсатты жүйелі жұмыс жүргізеді.

2015-2017 жылдары *I Негізгі Іс-қимыл. Оқу ұтқырлығы аясында* 2207 студент пен оқытушы Еуропа елдерінде оқу, оқыту және біліктілігін арттыру мүмкіндігіне ие болды. Жалпы алғанда, қазақстандық ЖОО-лардың үлесіне Орталық Азияға бөлінген ұтқырлықтың жалпы санынан 55%-ы тиесілі. Бұл жобаға Қазақстанның 61 ЖОО-сы қатысады.

2015-2017 жылдары *II Негізгі Іс-қимыл. «Жоғары білім саласындағы әлеуетті арттыру жөніндегі жобалар» аясында* 30 жоба қаржыландырылды. Оған еліміздің 15 өңірінен 40 қазақстандық ЖОО қатысты.

Шетелдік әріптестермен серіктестікте еліміздің жоғары оқу орындары «DOCMEN» (Микроэлектронды инженерияда екі деңгейлі инновациялық бағдарламаны әзірлеу»), «SUSDEV» (Тұрақты даму бойынша ұзақ ғұмырлы оқыту), «GeKaVoc» (Логистика, мехатроника және Қазақстандағы жаңартылатын энергия көздері бойынша кәсіптік және техникалық оқыту технологиясының трансферті), «TRUNAK» (Қазақстанда университеттік дербестікке көшу), «InnoCENS» (Инженерлік білім беруде инновациялық құзыреттіліктер мен кәсіпкерлік дағдыларды арттыру), «TAME» (Медициналық қателіктердің алдын алу мақсатында оқыту), «ProInCa» (Мейірбике ісі саласындағы жоғары білім берудің инновациялық әлеуетіне көмек көрсету), «WELCOME» (Халықаралық университеттік қауымдастықтарға ашылу), «EDUQAS» (Университеті-Бизнес-ЖОО-лардағы Мемлекет ынтымақтастығы арқылы Білім беру Сапасын Қамтамасыз ету Жүйесін Енгізу) сияқты жобаларды жүзеге асырады.

Осы жобалардың аясында білім беру бағдарламалары жаңартылып, жаңа оқу құралдары әзірленеді, жаңа оқытудың технологиялары енгізіледі, ғылым мен техниканың әр түрлі салаларында зерттеулер жүргізіледі. Сонымен қатар, осындай жобаларға қатысу персоналды басқару, шетелдік студенттерді, инклюзивті білім беруді қолдау, ЖОО-ның маркетингтік саясатын жүргізу саласында үздік тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді.

*III Негізгі Іс-қимыл. Реформалар саясатын қолдау* аясында саяси диалогты ілгері бастыруға, білім беру саласында білім және тәжірибе алмасуға, жастарды оқытуға және оларға қолдау көрсетуге бағытталған іс-шараларды атқару үшін гранттар бөлінеді. Жоғарғы білім беруді реформлау саясатын жоғары білім беруді реформалау жөніндегі сарапшылардың ұлттық командасы жүргізіп отыр. Бұл сарапшылар тобының құрамында еліміздегі жетекші жоғары оқу орындарының басшылары мен академиялық қауымдастықтың өкілдері бар.

Жан Моне бағдарламасында көзделген жобалар оқыту және зерттеулер арқылы Еуропалық интеграцияның процестері туралы білімді кеңейтуге бағытталған. Үш қазақстандық университеттің (КИМЭП, Халықаралық бизнес университеті, Назарбаев Университеті) қатысуымен Қазақстанда Жан Моне бағдарламасының 4 жобасы қаржыландырылды. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-ге, ҚазМЗУ-ге, Қазтұтынуодағы ҚЭУ-ге, М. Дулатов атындағы ҚИЭУ-ге, ОҚПУ-ға жобаларды қаржыландыруға рұқсат берілді.

Қазақстандық ЖОО-лар 7 743 халықаралық шарт аясында (2017 жылы – 6731 келісім) шетелдік университеттермен ынтымақтастық орнатты. Бұл әлемнің 55-тен астам елінде университеттер мен ғылыми ұйымдар. Қолданыстағы халықаралық шарттардың жалпы саны бойынша, мемлекеттік жоғары оқу орындарында артықшылықтар бар (2 796 екіжақты келісім жасалды).

2018 жылы ЖОО-лардың халықаралық келісімдерінің саны 1,059 бірлікті құрады (2017 жылы – 968). Оның ішінде ТМД елдерінің жоғары оқу орындарымен

462 шарт, Еуропа – 352, Азия – 216, Америка және Латын Америкасы – 19, Израиль, Палестина, БАӘ және Австралия – 10 шарт жасалды.

Қазақстандық ЖОО-лардың шетелдік серіктестермен ынтымақтастығының негізгі аспектілерінің бірі – *бірлескен және қосдипломды бағдарламаларды* жүзеге асыру. Мұндай білім беру жобаларын жүзеге асыру елдердің заңдарымен реттеледі. Қазақстанда бірлескен және қосдипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру тәртібі Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелерімен реттеледі.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Қазақстанның Орталық Азиядағы білім беру орталығы ретінде қалыптасуы аясында ЖОО-лар білім беру бағдарламаларын ағылшын тілінде жүзеге асыратын болады, сондай-ақ шетелдік әріптестермен қосдипломды білім беру бағдарламалары жүзеге асыратын болады» деп мәлімделген.

Мониторингтің нәтижелері екі жыл динамикасында қосдипломды бағдарламалар көрсеткішінің (+140) артқанын көрсетті (2-сурет).

**2-сурет. Қазақстан ЖОО-лары жүзеге асырып отырған бірлескен және қосдипломды білім беру бағдарламаларының саны, бірлік**




Бірлескен және қосдипломды бағдарламаларды жүзеге асырған кезде ЖОО-лар бакалавриатта – серіктес ЖОО-да 2 жыл оқыту және елдегі ЖОО-да 2 жыл оқыту немесе серіктес ЖОО-да 1 жыл және елдегі ЖОО-да 3 жыл оқыту форматын, магистратурада – серіктес ЖОО-да 1 семестр және елдегі ЖОО-да 1 семестр немесе серіктес ЖОО-да 2 семестр және елдегі ЖОО-да 2 семестр немесе серіктес ЖОО-да 1 семестр және елдегі ЖОО-да 3 семестр оқыту форматын қолданады.

Бірлескен білім беру бағдарламалары аясында оқудан өткен 2018-2019 оқу жылындағы студенттер контингенті 1 417 адамға азайды. Сонымен қатар қосдипломды бағдарлама бойынша білім алып жатқан студенттер саны 302 адамға көбейді (3-сурет).

**3-сурет. Бірлескен және қосдипломды білім беру бағдарламалары аясында оқып жатқандар контингенті, адам**



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (91 БББ, олардың ішінде ҚДБ - 70), Еуразия технологиялық университеті (37 БББ), Л. Гумилев атындағы ЕҰУ (30 ҚДБ), Қаржы академиясы (22 БББ, олардың ішінде ҚДБ - 14), «Нархоз» университеті (22 БББ) сияқты елдегі ЖОО-лар ең көп бірлескен және қосдипломды бағдарламаларды жүзеге асырады.

Бірлескен және қосдипломды бағдарламаларды жүзеге асыру жөніндегі ынтымақтастық аясында шеңберінде қазақстандық ЖОО-лар әлемнің 34 еліндегі 202 университетпен ынтымақтастық орнатқан (4-сурет).

**4-сурет. Елдер бойынша БББ, ҚДБ жүзеге асыратын серіктес ЖОО-лар саны, бірлік**




Кадрларды дайындау бағыттары бойынша Гуманитарлық ғылымдар (5В021000 - Шетелдік филология, 5В020500 - Филология, 6М020200 - Халықаралық қатынастар және басқалар), Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (6М050700 - Менеджмент, 6М050900 - Қаржы, 6М050600 - Экономика және басқалар), Жаратылыстану ғылымдары (5В060500 - Ядролық физика, 6М060800 - Экология, 6М060200 - Информатика, 6М060400 - Физика, 6М060600 - Химия және басқалар) және Техникалық ғылымдар және технологиялар (6М070100 - Биотехнология, 6М070300 - Ақпараттық жүйелер, 6М072300 - Техникалық физика, 6D073900 - Мұнай химиясы, 6D071600 - Аспап жасау және басқалар) едәуір басым болып табылады.

Мұндай білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың көптеген тілдері бар (қазақ, орыс, ағылшын, неміс, итальян поляк, түрік, қытай, кәріс).

ЖОО-лардың бюджеттен тыс қаражаты, студенттердің меншікті қаражаты, халықаралық ұйымдар қаражаты, демеуші компаниялардың қаражаты және серіктес елдердің квоталары бірлескен және қосдипломды бағдарламаларды қаржыландырудың негізгі көздері болып табылады.

Өткен жылмен салыстырғанда 2017-2018 оқу жылында бірлескен бағдарламалар бойынша оқыған түлектердің саны 185 адамға артты. Екі серіктес жоғары оқу орнының білім алу туралы диплом алған студенттердің саны 197 адамға өсті (5-сурет).

**5-сурет. Бірлескен және қос дипломды бағдарламалар аясында оқуды аяқтаған түлектер саны, адам**




Елдегі жоғары оқу орындарының алдында тұрған негізгі проблемалар – осындай білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға қаражаттың жоқтығы, студенттер мен ОПҚ-ның ағылшын тілін білуінің төмен деңгейі, шетелдік ЖОО- лардың өздерінің студенттерінің қазақстандық Жоғары оқу орындарының дипломдарын алуға деген қызығушылығының төмендігі.

Жалпы алғанда, қазақстандық ЖОО-ларға мұндай бағдарламалар аясында оқығысы келетін студенттерге қаржылық және тілдік қолдау көрсету мүмкіндігін қарастыруға кеңес беріледі. Университеттің материалдық-техникалық базасын нығайту үшін инвестициялық тартымды стратегияларды әзірлеу және енгізу маңызды. ЖОО-лардың академиялық дербестігі аясында пәндерді және олардың көлемдерін шетелдік серіктес жоғары оқу орындарының академиялық саясатының кредиттеріне сәйкестікке келтіру жөніндегі мақсатты жүйелі жұмыс жүргізу қажет. Бұдан басқа, ұлттық деңгейде «бірлескен білім беру бағдарламасы» мен «қос дипломды білім беру бағдарламасы» дефиницияларын анықтау тұжырымдамасын әзірлеу қажет.

ҚР «Білім туралы» Заңының 43-тармағына сәйкес, қазақстандық ЖОО-лар шетелдік мемлекеттерде филиалдар ашуға құқылы. Университеттердің ішінде тек С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ғана шет елде (Моңғолияда) филиалы бар. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің Иордан университетінде, Пекин шет тілдер университетінде, Стамбул университетінде және Карачи университетінде (Түркия) өкілдіктері бар.

Болон процесінің белсенді қатысушысы және Жоғары білім берудің еуропалық кеңістігінің (ЖБЕК) толық мүшесі ретінде Қазақстанның жоғары оқу орындарының білім беру стратегиясында шетелдік азаматтарды оқуға тартуға ерекше мән беріледі.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жоғары білім беру жүйесіндегі шетелдік студенттердің үлесі, соның ішінде коммерциялық негізде білім алушылардың үлесі 2020 жылға қарай 5%-ға жетуі тиіс екендігін айтылған.

2018 жылы елдегі жоғары оқу орындарында оқитын шетелдік азаматтардың жалпы саны 18 809 адамды құрады (2017 жыл – 10 299 адам). Олардың ішінде білім деңгейі бойынша: бакалавриатта – 18 386 адам, магистратурада – 381 және докторантурада – 42 адам. 2017 жылы бакалавриатта 9 942 шетелдік азамат, магистратурада 422 және докторантурада 35 адам оқыды. Осылайша, елдегі Жоғары оқу орындары студенттерінің жалпы контингентінен шетелдік студенттердің үлесі 4%-ды құрады.

Оқу курстары бойынша 2018-2019 оқу жылында шетелдік студенттердің саны келесіні құрады: бакалавриатта: 1 курс – 8,682, 2-курс – 3,477, 3-курс – 3,054, 4-курс –

2,490 және 5-курс – 683 адам; магистратурада: 1 курс – 176, 2 курс – 205 адам, докторантурада 1 курс – 17, 2 курс – 14 және 3 курс – 11 адам.

ЖОО-лар санаты бойынша шетелдік азаматтардың көпшілігі елдегі мемлекеттік Жоғары оқу орындарында оқиды (9 506 адам). Ұлттық жоғары оқу орындарында 2 141 шетелдік студент, 2 548 акционерленген ЖОО-да 2 548 студент және жекеменшік ЖОО-да 3,487 студент оқиды. Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық университетте 1 127 шетелдік азамат білім алып жатыр.

Ең көп шетелдік білім алушылар келесі елдерден келген: ТМД (12 973), Азия (Ауғаныстан, Үндістан, ҚХР, Моңғолия, Түркия және басқалар) – 5 649, Еуропа (Германия, Италия, Франция, Венгрия, Болгария және басқалар) – 63, Америка және Латын Америкасы (АҚШ, Канада, Бразилия және басқалар) - 28, Таяу Шығыс (Израиль, Иордания, Сирия және басқалар) – 77 және Африка (Алжир, Египет, Нигерия, ОАР және басқалар) – 19 адам.

2018-2019 оқу жылында кадрлар дайындау бағыттары бойынша (2009- жіктеуіші бойынша) шетелдік білім алушылардың саны «Білім беруде» (5 550), «Техникалық ғылымдар және технологияларда» (3 515), «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз етуде» (3 491) және «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнесте» (2 813 адам) көп.

Дайындықтың «Гуманитарлық ғылымдар» (1 022), «Құқық» (732), «Қызметтер» (624), «Жаратылыстану ғылымдары» (556), «Өнер» (254), «Ауыл шаруашылығы ғалымдары» (143), «Ветеринария» (93), «Соғыс ісі және қауіпсіздік» (16 адам) сияқты бағыттары шетелдік азаматтар үшін аса тартымды емес (6-сурет).

**6-сурет. Шетелдік білім алушыларды дайындаудың үздік-5 бағыты, %**




Шетелдік студенттерді оқуға тартудың маңызды шарттарының бірі – студенттік жатақханаларда тұратын орындармен қамтамасыз ету. ЖОО-ның мәліметтері бойынша, 2018-2019 оқу жылында 8 248 шетелдік студент (44%) студенттер жатақханасында тұрады, оның ішінде 8 146 бакалавр, 95 магистрант және 7 докторант.

Оқыту тілі бойынша шетелдік азаматтардың басым көпшілігі қазақ тілінде (8 341), орыс тілінде (6 710) және ағылшын тілінде (3 758 адам) оқиды. Шетелдік азаматтардың басым бөлігінің оқу үшін мемлекеттік тілді таңдауы Қытай Халық Республикасының, Моңғолияның, Ауғаныстанның, Түркияның, Өзбекстанның және

басқа да шекаралас елдердің этникалық қазақтары болып табылатын шетелдіктердің қазақ тілін меңгергендігімен түсіндіріледі (7-сурет).

Ағылшын тілін негізінен медициналық университеттерде оқитын Үндістан мен Пәкістан азаматтары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын ағылшын тілінде жүзеге асыратын университеттер (ҚБТУ, КИМЭП, Алматы Менеджмент Университеті, Сүлейман Демирел атындағы университет) таңдайды.

**7-сурет. Оқыту тілдері бойынша шетелдік білім алушылар үлесі, %**




Қаржыландыру көздері бойынша қазақстандық жоғары оқу орындарында өздерінің қаражаты есебінен (14,572 адам), мемлекеттік гранттар бойынша – 3,476 адам, үкіметаралық келісімдер бойынша – 655 адам, ЖОО қаражаты есебінен – 71, Erasmus +, Мевлана сияқты халықаралық бағдарламалардың стипендиясы бойынша – 35 адам оқиды.

Шетелдік студенттерге арналған дайындық курстарының дамымаған желісі, ағылшын тілінде сабақ беретін ОПҚ-ның тілдік құзіретінің төмен деңгейі білім беру қызметтерін экспорттау саясатының негізгі проблемалары болып табылады. ЖОО-лардағы инфрақұрылым және бос уақытты ұйымдастыру шетелдік студенттердің қажеттіліктері мен үміттеріне сәйкес келмейді.

Қазақстандық ЖОО-ларда оқуға шетелдік азаматтарды тарту үшін білім беру саясатын тиімді іске асыру мақсатында білім беру бағдарламаларын, оқулықтарды және оқу-әдістемелік материалдарды ағылшын тілінде әзірлеу арқылы академиялық құрамды күшейтуге кеңес беріледі. Кадрларды дайындаудың өзекті бағыттары бойынша қосдипломды бағдарламаларды жүзеге асыру тәжірибесін кеңейткен дұрыс. Шетелдік азаматтарды тарту бойынша маркетингтік жұмысты күшейту, соның ішінде университеттің сайтына ақпараттық қолдау көрсету қажет.

## 5.3. Үш тілде оқытудың білім беру саясаты

88 қазақстандық ЖОО-да білім беру саясатын үш тілде жүзеге асыру туралы талдау ақпарат ұсынылған. Көптілді оқытудың мақсаты – халықаралық білім беру кеңістігінде және еңбек нарығында ұтқыр, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін қатар меңгерген біліктілігі жоғары мамандарды даярлау.

2012 жылдан бастап көптілді білім беретін педагогикалық кадрларды дайындау үшін ДҚ циклінде шет тілдері бойынша кредиттер саны көбейтілді. Мамандарды үш тілде дайындауды 76 жоғары оқу орны жүзеге асырады. 26 қазақстандық жоғары оқу

орны «Биология», «Химия», «Физика» және «Информатика» мамандықтары бойынша ағылшын тілінде оқытатын педагогикалық кадрларды дайындайды. Үш тілді білім беруді дамытудың Жол картасына сәйкес, еліміздің жоғары оқу орындары білім беру қызметін «50:20:30» моделі бойынша (50% – ана тілінде, 20% – екінші тілде (қазақ немесе орыс тілінде), 3-курстан бастап 30 % – ағылшын тілінде) жүргізуі тиіс.

2017-2018 оқу жылымен салыстырғанда, 2018-2019 оқу жылында үш тілде (көптілді) оқитын топтардың саны 565 бірлікке көбейді. Сонымен қатар, ол топта оқитындар санының өскені байқалды (+8 800 адам). Осылайша, үш тілде оқитындар үлесінің көрсеткіші 20% -ға артты (8-сурет).

**8-сурет. Үш тілде оқитын топтар мен контингенттер саны, адам**




Елдің 26 жоғары оқу орнында «Білім беру» бағытында «Химия», «Биология», «Физика», «Информатика» мамандықтары бойынша мамандарды дайындауды жүзеге асыратын арнайы топтардың саны – 299 топ. Онда 3,516 адам оқиды. Олардың ішінде бакалавриатта 3,351 студент (276 топ), магистратурада 165 магистрант (23 топ) бар.

«Білім беру» (440 топ, 6 526 білім алушы), «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (449 топ, 6 034 білім алушы, «Техникалық ғылымдар және технологиялар» (886 топ, 12 627 білім алушы) үш тілде оқыту шеңберінде оқытудың біршама басым бағыттары болып табылады (9-сурет).

**9-сурет. Дайындық бағыты бойынша үштілді топта білім алып жатқандар үлесі, %**



ЖОО-ның мәліметтері бойынша, 2018-2019 оқу жылында ағылшын тілінде сабақ беретін ОПҚ саны 925 адамға артты (10-сурет).

«Білім беру» – 1 482 адам (23%) және «Техникалық ғылымдар және технологиялар» – 1 575 адам (24%) сияқты кадрлар дайындау бағыттары бойынша ағылшын тілінде сабақ жүргізетін оқытушылардың саны едәуір көп.

**10-сурет. Ағылшын тілінде сабақ беретін ЖОО-лардың ОПҚ саны, адам**




Тілдік дайындықтан және біліктілікті арттырудан өткен ОПҚ саны 781 адамға өсті (18%) (11-сурет).

**11-сурет. ЖОО-лардың тілдік дайындықтан өткен ОПҚ саны, адам**




ЖОО-ның ОПҚ-сында тіл курстары, тағылымдамалар мен бағдарламалар, «Болашақ» стипендиялық бағдарламасы, «Өрлеу» БАҰО» АҚ, CLIL, IELTS, ҚР БҒМ тілдік курстары және т.б. аясында тілдік дайындықтан өтуге мүмкіндік бар.

2017-2018 оқу жылымен салыстырғанда 2018-2019 оқу жылында ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламаларының (ББ) саны 50 бірлікке артып, 554-ті құрады (12-сурет).

**12-сурет. ЖОО-лардың ағылшын тіліндегі ББ саны, бірлік**



Ағылшын тілінде жазылған ОӘҚ пен оқулықтар саны жыл сайын артып келеді (+35 470 бірлік) (13-сурет).

**13-сурет. ЖОО-лар ағылшын тілінде әзірлеген ОӘҚ және оқулықтар саны, бірлік**




2018-2019 оқу жылында үш тілде оқыған түлектер саны 2 731 адамға артты. Олардың ішінде бакалавриатта білім алған түлектер саны 6452 адамды, магистратурада – 1600 адамды және докторантурада – 19 адамды құрады.

Сонымен қатар, үштілді оқыту аясында білім алып, жұмысқа орналасқан түлектер саны 4 044 адамды немесе 50%-ды құрады. Олардың ішінде жұмысқа орналасу көрсеткіштері: бакалавриаттікі – 2 521, магистратуранікі – 1 514 және докторантуранікі – 19 адам (14-сурет).

**14-сурет. 2018 жылы бітірген түлектердің жалпы саны және үштілді топ түлектерінің жұмысқа орналасқандар саны, адам**




Үш тілде оқытудың тиімді саясатын жүзеге асыру үшін қазақстандық ЖОО-ларда ОПҚ-ның сапалық құрамын күшейту қажет. Студенттердің тілдік дайындығы мәселесі өзекті болып отыр. Ағылшын тілінде сөйлейтін мамандарды ұзақ мерзімді негізде оқытушылық қызметке тартуға кеңес етіледі.

### 5.4. Академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру

2010 жылы Қазақстанның Болон декларациясына қол қоюы қазақстандық ЖОО-лардың студенттері мен оқытушыларының академиялық ұтқырлығын дамытуға ықпал етті. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы 2011 жылы басталды.

2011 жылдан 2018 жылға дейінгі кезеңде ҚР БҒМ қаражаты есебінен ұтқырлық бағдарламасы бойынша шет елген оқуға кеткен қазақстандық студенттердің жалпы саны 14 140 адамды құрады (15-сурет).

**15-сурет. Сыртқы шығыс академиялық ұтқырлық, адам**




2011-2018 жылдары академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша *бюджеттік қаражат есебінен* 5 776 адам шетелдік ЖОО-ларда білім алды. Олардың ішінде 4 000 бакалавр, 1 771 магистрант және 5 докторант болды.

2013-2018 жылдар аралығында *бюджеттік емес қаражат есебінен* қазақстандық университеттердің серіктес шетелдік ЖОО-ларында 8 364 адам білім алу мүмкіндігіне ие болды. Олардың ішінде 7 174 бакалавр, 1 157 магистрант, 29 докторант және 4 резидентурада білім алушы болды.

2018 жылы бюджеттік қаражат есебінен Еуропаның ЖОО-ларында 581 адам, Азияда – 37 адам, Түркияда – 3 адам оқыды. Оқыту тілі – ағылшын тілі. Елдегі *ЖОО-лар бойынша* академиялық ұтқырлық бағдарламасына 5 ұлттық ЖОО (172), 1 халықаралық (9), 26 мемлекеттік (298), 15 акционерленген (82) және 11 жекеменшік ЖОО (60 адам) қатысты.

Академиялық ұтқырлық аясында *бюджеттен тыс қаражат есебінен* 1 826 адам 75 қазақстандық ЖОО-да (7 ұлттық ЖОО-да (389), 1 халықаралық (23), 24 мемлекеттік (420), 16 акционерленген (579) және 27 жекеменшік ЖОО-да (415 адам) білім алу мүмкіндігіне ие болды. Олардың арасында Еуропаның ЖОО-ларында – 622, ТМД-да – 629, Азияда – 362, Түркияда – 170, АҚШ-та – 25, Грузияда – 13, Украинада – 3 және Колумбияда – 2 адам оқыды.

Кадрларды дайындау бағыттары бойынша бюджеттік қаражат есебінен шетелдік серіктес ЖОО-ларда білім алып жатқан қазақстандық студенттердің ең көп саны техникалық мамандықтарға тиесілі (2-сурет).

**16-сурет. Ғылым бағыттары бойынша білім алушылардың сыртқы шығыс академиялық ұтқырлығы, бюджет, 2018 жыл, адам**



Сонымен қатар академиялық ұтқырлық шеңберінде ЖОО-лардың есебінен оқып жатқандар санының ең көбі әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес саласына тиесілі (3-сурет).

**17-сурет. Ғылым бағыттары бойынша білім алушылардың сыртқы шығыс академиялық ұтқырлығы, бюджеттен тыс, 2018 жыл, адам**




Сонымен қатар бюджеттен тыс қаражатты қаржыландыру көздері сан түрлі (2-кесте).

**2-кесте. Студенттердің сыртқы шығыс ұтқырлығын қаржыландырудың баламалы көздері, 2018 жыл**

| № | Дереккөздер атауы | Студенттер саны, адам |
|---|---|---|
| Барлығы | | 1826 |
| 1 | Оқытушының құралдары | 843 |
| 2 | Алмасу | 355 |
| 3 | ЖОО құралдары | 266 |
| 4 | Эразмус | 171 |
| 5 | Мевлана | 46 |
| 6 | DAAD Герман академиялық алмасулар қызметі | 41 |
| 9 | Ресей ынтымақтастығы құралдары | 12 |
| 10 | Қос диплом бағдарламасы | 4 |
| 11 | РФ квотасы | 2 |
| 12 | GIZ | 2 |
| 13 | UGRAD | 1 |
| 14 | Dora Plus (Эстония) | 1 |
| 15 | ITEC | 1 |
| 16 | Гранттар, соның ішінде: | 68 |
| 17 | Стипендиялық бағдарламалар , соның ішінде: | 13 |

Жыл өткен сайын сыртқы шығыс академиялық ұтқырлық бағдарламасының альтернативті көздері артып келеді. Қазақстандық студенттерге әр түрлі студенттермен алмасу бағдарламаларына қатысуға керемет мүмкіндіктер беріліп отыр.

2013-2018 жылдары Қазақстанның жоғары оқу орындарында сыртқы академиялық ұтқырлық аясында 3 255 адам оқыды (18-сурет).

**18-сурет. Білім алушылардың сыртқы кіріс академиялық ұтқырлығы, адам**




2018 жылы қазақстандық ЖОО-ларда оқыған 637 студенттің ішінен 594 бакалавр, 41 магистрант және 2 докторант. 26 мемлекеттен келген шетелдік білім алушыларды 42 қазақстандық ЖОО (5 ұлттық (154), 6 мемлекеттік (158), 10 акционерленген (224), 1 халықаралық (14), 10 жекеменшік ЖОО (87 адам) қабылдады. Еуропа елдері бойынша 57 адам, АҚШ-та – 28, ТМД-да – 317, Азияда – 196, Түркияда – 32 және Грузияда – 7 адам оқыды.

Сонымен бірге елдегі жоғары оқу орындарында оқуға ниет білдірген студенттердің көпшілігі Ресейге (131) және Қытайға (131) тиесілі. Басқа елдер бойынша статистикалық ақпарат келесідей: Тәжікстан (108), Қырғызстан (72), Корея (53), Түркия (32), АҚШ (28), Франция (23), Нидерланды (10), Грузия (7), Сингапур 6), Италия (6), Малайзия (5), Беларуссия (5), Германия (4), Испания (3), Австрия (2), Польша (2), Венгрия (2), Швеция (1), Швейцария 1), Чехия (1), Пәкістан (1), Норвегия (1), Дания (1) және Әзірбайжан (1 адам).

Орыс тілі оқытатын басым тіл болып табылады (60%). Шетелдік студенттер дайындықтың келесі бағыттары бойынша оқыды (19-сурет).

**19-сурет. Ғылым бағыты бойынша білім алушылардың ішкі кіріс академиялық ұтқырлығы, адам, 2018 жыл**




Шетелдік білім алушылардың ең көбі «Білім беру» («Орыс тілі және әдебиеті» (39%), «Шет тілі: екі шет тілі» (24%), «Қазақ тілі және әдебиеті» (10%), «Орыс

филологиясы» (2%) және т.б. мамандық) бағытына тиесілі. Кіріс академиялық ұтқырлықты қаржыландыру көздері кестеде берілген (3-кесте).

**3-кесте. Студенттердің ішкі кіріс академиялық ұтқырлығын қаржыландыру көздері**

| № п/п | Атауы | Студенттер саны, адам |
|---|---|---|
| 1 | Алмасу | 254 |
| 2 | Студенттердің қаражаты | 232 |
| 3 | ЖОО-ның қаражаты | 95 |
| 4 | Американдық орталық | 25 |
| 5 | Мевлана | 24 |
| 6 | Орхун | 3 |
| 7 | GIZ халықаралық бағдарламасы | 2 |
| 8 | Эразмус | 2 |
| **Барлығы** | | 637 |

Білім алушылардың ішкі ұтқырлығы академиялық ұтқырлық бағдарламасының бір бағыты болып табылады. 2012-2018 жылдары ішкі академиялық ұтқырлық бойынша білім алушылар саны 7 310 адамды құрады (20-сурет).

**20-сурет. Білім алушылардың ішкі ұтқырлығы, адам**




2018 жылы бұл бағдарламаға елдегі ЖОО-дан 2215 білім алушы қатысты. Олардың ішінде 2 193 бакалавр, 20 магистрант, 2 резидентурада білім алушылар.

Техникалық мамандықтар бұл бағдарлама бойынша даярлаудың басым бағыттары болып табылады (21-сурет).

**21-сурет. Кадрларды дайындау бағыттары бойынша ішкі академиялық ұтқырлық, адам, 2018 жыл**




Көптеген студенттер ішкі академиялық ұтқырлық бойынша өз қаражаты есебінен (41,4%) және ЖОО қаражаты есебінен (23,8%) оқиды. Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасында 62 қазақстандық ЖОО және 75 қабылдаушы ЖОО бағыттаушы тарап болып табылады (4-кесте).

**4-кесте. ЖОО-лар бойынша ішкі академиялық ұтқырлық, 2018 жыл**

| ЖОО-лар | Оқуға жібергендер | Оқуға қабылдап алғандар |
|---|---|---|
| Ұлттық | 5 ЖОО – 29 адам | 9 ЖОО – 267 адам |
| Мемлекеттік | 25 ЖОО – 1 476 адам | 28 ЖОО – 1 145 адам |
| Халықаралық | 1 ЖОО - 57 адам | 1 ЖОО – 71 адам |
| Акционерленген | 8 ЖОО – 181 адам | 11 ЖОО – 220 адам |
| Жекеменшік | 23 ЖОО – 472 адам | 26 ЖОО – 512 адам |

2009 жылы бюджеттік қаражат есебінен Қазақстанның жоғары оқу орындарына шетелдік ғалымдарды тарту бағдарламасы басталды. 2009-2018 жылдар аралығында 10786 шетелдік оқытушы білім беру қызметіне тартылды (8-сурет).

**22-сурет. Мемлекеттік бюджеттің және ЖОО-ның бюджеттен тыс қаражаты есебінен Қазақстан ЖОО-ларына тартылған шетелдік ғалымдардың саны, адам**




2018 жылы бюджеттік қаражат есебінен оқытушылық қызметке – 341 адам, қазақстандық ЖОО-лардың бюджеттен тыс қаражаты есебінен – 503 адам тартылды.

2017 жылы қазақстандық ЖОО-лар тек өздерінің меншікті қаражаты есебінен серіктес ЖОО-лардың оқытушылары мен ғалымдарын білім беру және ғылыми қызметке тартты. Ең көп шетелдік ғалымдар Ресей Федерациясынан (156), Түркиядан (92) және Кореядан (43 адам) келді. Одан кейінгі орынды АҚШ (35), Польша (34), Франция (32) алады.

Тартылған шетелдік серіктестердің саны бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (172), Яссауи атындағы ХҚТУ (43), Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ (27 адам) көш бастап келеді.

2017 жылы шетелдік ОПҚ 19 436 дәріс, 10 838 семинар және 5 230 кеңес өткізді. 100-ден астам бірлескен ғылыми-зерттеу жұмысы жүзеге асырылды. Оқу / ғылыми / әдебиеттің 52 бірлігі басылып шықты. 128 бірлескен жарияланым жарық көрді.

Шетелдік мамандардың болу ұзақтығы өзгеріп отырады. 1-7 күнге 199 адам; 8- 14 күнге – 182 адам; 15-31 күнге – 169 адам; 32-60 күнге – 14 адам; 61-90 күнге – 3 адам және 91 күн және одан көп күнге – 78 адам келді.

Қазақстандық ЖОО-ларды басқаруға шетелдік мамандарды тарту бағдарламасы 2016 жылдан бері жүзеге асырылып келеді. 2016-2018 жылдар аралығында қазақстандық ЖОО-ларда 80 шетелдік топ-менеджер жұмыс жасады.

2018 жылғы желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстанның 27 ЖОО-сында 21 елден келген 33 шетелдік топ-менеджер жұмыс жасайды. Бұл Австралия, Нидерланды, Пәкістан, Канада, Словакия, Үндістан, Польша, Оңтүстік Корея, Швеция, Франция, АҚШ, Ұлыбритания, Болгария, Чехия, Португалия, Латвия, Сингапур және т.б осы сияқты елдер. Шетелдік топ-менеджерлер қазақстандық ЖОО- ларды басқаруға орта есеппен 4 айдан 10 айға дейінгі мерзімге тартылады.

Алматы энергетика және байланыс университеті, AlmaU, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, ҚБТУ сияқты ЖОО-ларда шетелдік топ-менеджерлердің белсенді жұмысы байқалады.

Жалпы алғанда, қазақстандық ЖОО-ларды басқаруға тартылған мамандардың тиімділігін бақылау ЖОО-ны интернационалдандыру, инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу, халықаралық ғылыми ынтымақтастықты дамыту және ОПҚ-ның кәсіби шеберлігін арттыру сияқты негізгі бағыттар бойынша жүргізіледі.

Жалпы қазақстандық ЖОО-лардың білім беру және ғылыми қызметті жүзеге асырудағы жетістіктерін айқындау қажет.

Елдегі ЖОО-ларға осы бағытта халықаралық ұйымдар қолдау көрсетеді. Мысалы, British Council жобасы аясында қазақстандық ЖОО-ларда Кәсіби даму және өзара әрекеттесу орталықтарын құруға қолдау көрсетілді. Бұл орталықтардың жұмысы халықаралық ынтымақтастықты дамыту және олардың жұмысының тиімділігін барынша арттыру мақсатында ғылыми кадрлар мен университеттің басқа да қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған. Бұл жобаға Ш. Есенов атындағы КМТжИУ, С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ, А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, ҚАЕУ қатысады.

«Қазақстандық университеттерде интернационалдандыру стратегияларын бағалау» жобасы аясында Ұлыбритания мен Қазақстанның тәжірибелі кеңесшілерінің командасы университетті интернационалдандыру деңгейінің өзін-өзі бағалау құралын әзірледі. Жоғары оқу орындарының халықаралық ынтымақтастығы департаменттері, ЖОО басшылығы, сондай-ақ ЖОО-ның / халықаралық офистің студенттері / түлектері респонденттердің рөлін атқарды. Сауалнама әдістемесі үш маңызды бағытты: интернационалдандыру, корпорациялық басқару және сапаны, оқу жоспарын және студенттерге арналған қызметтерді қамтамасыз етуді зерттеуден тұрады.

# ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Жоғары білім берудің европалық кеңістігінің толыққанды мүшесі ретінде Болон процесінің параметрлерін Жоғары білім беру жүйесіне белсенді енгізіп жатыр. Модернизация білім беру бағдарламаларындағы құзыреттілік моделін қолдана отырып; студенттердің ұтқырлығын белсенді дамыта, ақпараттық технологиялар рөлін арттыра, көптілділікті енгізе және әлемдік білім беру үрдістеріне сәйкес оқу-әдістемелік базаны жетілдіре отырып жүзеге асырылады.

Еліміздің барлық жоғары оқу орындарында үш деңгейлі білім беру жүйесі – бакалавриат, магистратура, PhD докторантура енгізілді. Қазақстандық студенттердің шамамен 99% -ы бакалавриат пен магистратура бағдарламалары бойынша оқиды.

Оның деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі – Қазақстанның мемлекеттік білім беру саясатының негізгі қағидаларының бірі. Бірінші цикл бағдарламасын табысты аяқтағаннан кейін екінші цикл бағдарламаларына және екінші цикл соңында үшінші цикл бағдарламасына қол жеткізуге болады.

ECTS европалық кредиттік трансфер жүйесімен салыстырылатын ұлттық кредиттік оқыту жүйесі әзірленді. Бұл қазақстандық студенттерге академиялық ұтқырлық, сол сияқты толық цикл бағдарламалары аясында оқуды жалғастыруға және шет елде білім алуға мүмкіндік береді.

Сапаны қамтамасыз ету саласындағы европалық стандарттар мен ұсынымдар (ESG) стандарттары негізінде сапаны қамтамасыз етудің ұлттық жүйесі әзірленді. Елдегі барлық ЖОО-лар тәуелсіз халықаралық және ұлттық аккредиттеу органдарында аккредиттеуден өтеді. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі екі ұлттық агенттік (АРТА және БСҚҚТА) EQAR-де тіркелген және Жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі европалық қауымдастықтың (ENQA) мүшесі болып табылады.

Қазақстандық ЖОО-лар QS World University Rankings, Webometrics, QS University Rankings: EECA сияқты әлемдік рейтингтерде ойдағыдай жоғары көтеріліп келеді. Мысалы, QS WUR рейтингінде 2017 жылы 8 қазақстандық ЖОО аталды, 2018 жылы оның саны 10-ға жетті.

Сонымен қатар, қазақстандық ЖОО-лардың жинақталған тәжірибесін ескере отырып, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы интернационалдандыруды тиісті деңгейде дамытуға кедергі келтіретін бірқатар проблемаларды атап көрсетті.

«Біріншіден, бұл ОПҚ-ның ағылшын тілін төмен деңгейде меңгеруі. Қазақстандық ЖОО-лар оқытушыларының тек 6,8%-ы ағылшын тілінде дәріс оқи алады. Бұл ОПҚ-ның бірлескен зерттеулер, халықаралық басылымдарда зерттеу нәтижелерін жариялау, ынтымақтастық және бірлескен оқу сияқты іс-шараларға қатысуын шектейді.

Екіншіден, Қазақстан Республикасындағы ЖОО-лардың оқу жоспарларының шетелдік серіктес оқу орындарының оқу жоспарларымен сәйкес келмеуін, білім алушылар шетелдік ЖОО-ларға келген кезде жан-жақты қолдау көрсетудің жоқтығын және шетелдік ЖОО-ның академиялық кезеңдерін қазақстандық ЖОО-ларда есептелмеуін қамтитын халықаралық бағдарламаларды жоспарлаумен байланысты қиындықтар бар. Көп жағдайда халықаралық әріптестермен академиялық қарым-қатынастар соңына дейін жасалмаған және декларативті сипатта болады.

Үшіншіден, көптеген қазақстандық ЖОО-ларда инклюзивті білім беру қамтамасыз етілмеген. Мониторинг нәтижелеріне сәйкес, көптеген ЖОО-ларда академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша әлеуметтік осал топқа жататын студенттерге жеке қолдау көрсету қарастырылмаған.

Төртіншіден, интернационалдандыру көрсеткіштерін талдау Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында оқитын шетелдік студенттердің саны төмен екенін көрсетіп отыр (2017 ж. – 13 101 адам, 2016 ж. – 10 829 адам, 2015 ж. – 9 077 адам)» .[12]

Жоғары білім беруде интернационалдандыру деңгейін дамыту үшін ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламаларының ауқымын кеңейтуге, студенттерге және ОПҚ-ға тілдік құзіретті арттыруға, ЖОО-лар сайтының ақпараттық мазмұнын күшейтуге, көрмелер мен білім жәрмеңкелерін ұйымдастыруға және шетелдік студенттерді қабылдау үшін тиісті инфрақұрылым мен шарттарды дамытуға кеңес етіледі.

Шетелдік студенттерді қабыдаудың материалдық мүмкіндіктері кеңейтілген жағдайда, ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламаларының санын көбейткен орынды. Ағылшын тілінде оқулықтар мен ОӘК әзірлеуді жалғастыру қажет. Сондай- ақ қосдипломды бағдарламаларды жүзеге асыру практикасын дамыту ұсынылады.

3.0 модернизациялау бағдарламасын жүзеге асыру жоспарларына сәйкес, 2025 жылға қарай ағылшын тілді ОПҚ-ның санын 16 000 бірлікке дейін арттыру керек. Күтіліп отырған көрсеткіштерге қол жеткізу үшін, жыл сайын оларды 1,6%-ға арттыра отырып, ағылшын тілді ОПҚ-ның үлесін 20%-ға дейін көбейту керек.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру жағдайында ғылыми-зерттеу әлеуетінің және «ғұламалардың жылыстау» процесінің алдын алу мақсатында осы бағдарламаның түлектерін ары қарай жұмысқа орналастыру үшін ынталандыруды кеңейту ұсынылады.

Академиялық ұтқырлықтың инклюзивтілігі мәселесін өзектендіру шеңберінде шет елге оқуға жіберген кезде әлеуметтік тұрғыдан осал санатқа жататын студенттер үшін академиялық ұтқырлыққа бөлінген орындардың жалпы санынан квотаны анықтауға кеңес етіледі. Студенттердің әлеуметтік тұрғыдан осал топтарына тілдік дайындықты ұйымдастыру үшін бюджеттен қаржылай қаражатты және жоғары оқу орындарының бюджетінен тыс қаражатты қарастыру.

Қазақстандық ЖОО-лардың жаһандық рейтингтердегі жайғасымын жақсарту үшін Қазақстан Республикасында жоғары білім беруді интернационализациялау стратегиясын әзірлеу қажет. Бұл стратегия білім беру сапасын арттыру, шетелдік студенттерді (білім беру хабын) тарту, ЖОО-лардың халықаралық беделі, зерттеулер мен ғылыми әзірлемелердің сапасы, шетелдік ғалымдарды тарту, студенттер мен ОПҚ-ның академиялық ұтқырлығы және т.б. осы сияқты маңызды мәселелерді қамтиды. Мұндай бағдарламалық құжатты қабылдау және жүзеге асыру қазақстандық ЖОО-ның білім беру қызметтерінің жаңа нарықтарына шығуына мүмкіндік береді. Жалпы бұл жоғары білім беру сапасын арттыруға және қазақстандық білім алушыларды еңбектің жаһандық нарығына дайындаудың жоғары деңгейіне ықпал етеді.

Осы ұсынымдарды қарастыру Қазақстанның жоғары оқу орындарында білім беру қызметтерінің экспортын арттыруға, сондай-ақ ұлттық білім беру жүйесін халықаралық стандарттармен жақындастыруға мүмкіндік береді.

[12] ЭЫДҰ жоғары білім беру саясатына шолу 2017 (Higher Education Policy Review 2017) - Оқу құралы